

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2020

АҚПАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Тарих тағылымы	
Ж. БАЛТАБАЕВА.	Телжан Шонаұлының әдістемелік тұжырымдарының өміршеңдігі.....3
Әдебиет және тарих	
С. ОСПАНҰЛЫ, К. МЫРЗАҒАЛИЕВА, А.Б. БЕЛБОТАЕВ, М.ӘБЛҰЛЫ.	Шетелдіктер Ахмет Байтұрсынұлы туралы.....14 Е.Қ. Жұбанов – қазақ эпосының қалыптасу жолдарын зерделеген ғалым.....24
Атаұлы мектеп тынысы	
У. С. САДЫРҚҰЛОВА, Н. О. МЕРГЕНБАЕВА.	Функционалдық сауаттылық-білім сапасын жетілдіру бағдары37
Пәнаралық байланыс	
С.И.ҚОНЫСБАЕВА.	Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі.....41
Ізденген жетер мұратқа	
А. ИТЕМИРОВА. З. ЖАҢБЫР. К.Т. КУАНЫШБАЕВ.	Саналы ұрпақ тәрбиелеу – уақыт талабы.....50 Мектепте шешендік сөздерді оқыту әдістемесі.....57 Эссе арқылы оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыру.....65
Колледж кеністізінде	
А. Б. ХАЛЕЛОВА.	М.Шаханов өмірі мен шығармашылығы. “Ғашықтық ғаламаты” балладасы.....71
Қазақ тілі – озық тәжірибе, ортақ әдіс	
А.С. ШАРПЕКОВА. М.М. САХАРИЕВА. Ж. А. САҒЫНОВА.	Бейнелеуіш сөз.....83 Бала құқығының қорғалуы.....89 Астана – тарихи мекен.....96
Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе	
Қ.Ә.ШӘРІП. А. Қ. УРАЗОВА. А. Н. ГИЗАТОВА. Ш. Б. ДУИСАЛИНА.	Нысанбай жырау “Кенесары – Наурызбай” поэмасындағы кейіпкерлер бейнесі.....110 Абай Құнанбайұлы “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңі.....119 Әке үкімі неге қатал?.....124 Ғабит Мүсірепов “Ұлпан” романы.....130
Білім сынағында	
Г.ҚҰЛЕКЕНОВА, А.КӨЗДІБАЕВА.	“Бес белес” тақырыбы бойынша өткізілген әдеби-танымдық сайыс.....135

Тарих тағылымы

Ж. БАЛТАБАЕВА,
Абай атындағы
Қазақ Ұлттық педагогикалық
университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы.

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Аңдатпа:

Мақалада Т. Шонанұлының оқулықтары, әдістемелік еңбектерінің ерекшеліктері сөз болады.

Түйін сөздер:

педагог, әдіскер, ағартушылық, «Тіл дамыту» оқулығы.

Summary:

The article reveals the features of textbooks and methodical works of T. Shonanuly.

Key words:

teacher; methodist, educator, textbook "Speech development".

«Алаш қайраткерлерінің мұрасын жарыққа шығарып, тәуелсіздік тұрғысынан зерттеп-зерделеу, олардың есімдерін ел есінде сақтау шаралары алда тұрған үлкен міндеттердің бірі болмақ», – деген еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзі олардың ғылыми мұраларын жан-жақты талдап, ғылымға қосқан үлесін анықтауды міндеттейді. Осы ретте қазақ тілін оқыту әдістемесінде өзіндік орны бар

абзал азаматтардың еңбектеріне ұлттық құндылықтар ретінде қайта қарап, зерделеу – үлкен парыз.

Ел тәуелсіздігі мен болашағына өмірін арнаған, алашшыл тарихи тұлғаның бірі – Телжан Шонанұлы. Ол білгір тіл маманы, әдебиетші, тарихшы, дарынды педагог, әдіскер болған. Оның тек қана қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы бойынша жиырма шақты оқулықтары мен оқу құралдары, әдістемелік еңбектері, жетпіске жуық мақалалары бар.

Егемендік алғалы өзіміздің ұлттық төл оқулықтарымыз жазылып, республика мектептерінде оқушыларға білім беретін негізгі құрал ретінде пайдаланылып отырған шақта оқулықтар мен оқу құралдарына қойылар талаптар да күрделене түсуде. Оның үстіне еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, республикамыздың дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу жолын қарастыратын мемлекеттік білім саясатының жүзеге асырылуы білім мазмұны мен барлық оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарап, құнды пікірлерді жаңғырту қажеттігі туып отыр.

Осылайша оқулықтарға жаңа талаптар деңгейінде баға беріліп отырған кезде құны кемімеген ғалым оқулықтарының, әдістемелік еңбектерінің пайдалы жақтарын талдап, саралап ұсыну жеке тұлғаның әдістемелік мұраларын құндылықтық тұрғыда қарастырып, бүгінгі ұрпаққа таныстыру – өте жауапты іс. Сонымен қатар, әдістеме ғылымының көш басында тұрған білімдер ғалым ағаларымыз қазақ тілін тек қазақ мектептерінде емес, орыс тілді мектептерде де оқытылуына ерекше мән беріп, олар қазақ тілін өзге ұлтқа оқытатын оқулықтар да жазғаны белгілі.

Солардың бірі болып, Т.Шонанұлы да орыстарға қазақ тілін үйрету мақсатында бірнеше оқулық және ана тілін өзге жұртқа оқытудың әдістерін баяндайтын мақалалар жазды. ***Осы ретте Т.Шонанұлының орыс тілді мектептерге арналған оқулықтарының да бүгінгі таңда қазақ тілін өзге ұлтқа үйрететін оқулық жазуда үлгі боларлық жақтары баршылық.*** Сондықтан Т.Шонанұлы еңбектеріндегі әдістемелік тұжырымдарға назар аударып, айқындау бүгінгі әдістеме ғылымының дамуына игі әсері мол. Өйткені ғалымның оқулықтары мен оқу құралдарының әдістемелік қырларын анықтауда ғалымның өз оқулықтарына арналған әдістемелік құралдары мен мақалаларын да жан-жақты талдау қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің бастау көздерін анықтау болып табылады.

Өз халқының болашағы үшін, сауаттылығы үшін жан аямай еңбек еткен ұлтымыздың зиялы азаматтарының игілікті істері текке кетпеді. Олар жазған әліппелермен жақсылыққа ынтасы бар жұртшылық сауаттана бастады, ол әліппелер кеңінен пайдаланылды. Солардың қатарында Телжан Шонанұлы жазған әліппелер, оқулықтар да болған. Бұны тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан өлкетанушылар қоғамының төрағасы Ә.Тәкенов пен осы қоғамның мүшесі Б.Байғалиевтың *«Т.Шонановтың кітаптары кезінде 100 мыңдаған таралыммен шығып, бүкіл қазақ арасына, алыстағы ауылдарға тараған және 1922-37 жылдар аралығында 12 жыл бойы қайта-қайта жаңарып шығарылып тұрған»* [1, 3], – деген пікірлері дәлелдей түседі.

Егер А.Байтұрсынұлының әліппелері 1912-1925 жылдар аралығында оқу-ағарту саласында, мектептерде кеңінен пайдаланылса, Т.Шонанұлының «Әліппелері» де өз кезеңінде мектепте оқушыларды сауаттылыққа үйрететін бірден-бір құрал болды. Оған оның «Әліппелерінің» де бірнеше рет көптеген таралыммен жарық көруі басты дәлел. Мысалы, Т.Шонанұлының «Жаңалық» әліппесі 1928-1931 жылдар аралығында 6 рет басылып, бала сауатын ашатын құрал ретінде мектептерде пайдаланылған. Бұл әліппе білім ордасының комплекс программасына қарай түзілген, сондықтан әліппеде балалар сауатын ашуға арналған тілдік жадығаттармен қатар есептер, ауа календары берілген. Сол себепті де ғалым осы әліппеге жазған жетекші құралында «Әліппеміздің әр жерінде есеп те бар... Бір әріп тұсындағы есеп бітпеді деп, келесі дыбысты оқытпай отырма» [2, 6],-деген ескертпе жасаған.

Т.Шонанұлының біртопокулықтары–қазақбастауыш мектептеріне арналған **«Тіл дамыту» оқулықтары**. Бұл оқулықтар да кезінде мектептерде кеңінен пайдаланылған. Бұған «Жаңа мектеп» журналының 1931 жылғы №1 санында «1931-32 оқу жылында қазақ мектептері қолданатын оқу құралдары, кітаптары» деген тізімде 1-басқыштың 1-бөлімінде Т.Шонанұлы жазған «Жаңалық» әліппесі, ал II, III, IV-бөлімдерінде осы авторлықпен шыққан «Тіл дамыту» (1, 2, 3 оқулықтары) пайдаланылатыны көрсетілген. Бірақ «Тіл дамыту» оқулығының 2, 3-бөлімдері ғана кітапханаларда сақталған, ал 1-бөлімі ешжерде кездеспеді. Сондай-ақ Ш.Сарыбаевтың «Библиографиялық көрсеткішінде»

және Т. Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты кітабының соңында берілген ғалым еңбектерінің тізімінде де «Тіл дамытудың» 2, 3-бөлімдері көрсетілген де, 1-бөлім тізімге енбеген.

Т. Шонанұлы 1929 жылы «Жаңа мектеп» журналының № 9 санында жарияланған «Білім кеңесінің программасы және 1-ші басқышта ана тілі» деген мақаласында сауаттандыру жұмысының маңызы, ана тілі мен комплекс програмының ерекшелігі, сауат ашу әдістері жайында, бала тілін ширату жұмыстарының түрлеріне тоқталған.

Ғалымның пікірінше, «оқытушы балалар тілін мынадай ретпен байытады: әуелі баланың тілге қанша байлығын, тілінің кемістігін, қалай сөйлейтінін байқайды. Содан соң сабақ үстінде кем-кемдеп кемістікті жоя береді. Әуелі балаларға аз-аздан жаңа сөз қосарлық жұмыстар тапсырылады, сөйтіп, бірте-бірте баланың тілін байытады. Сабақ кезінде бала амалсыз сөйлерлік шарт әзірлеп отыру керек» [3,21]. ***Егер әрбір мұғалім осы жүйемен жұмыс жүргізсе, оқушылардың дұрыс сөйлеуге төселіп, ой-өрісі жетіліп, тілі дамитындығын терең сезінген әдіскер одан әрі тіл ширатудың түрлі әдістерін де көрсеткен.***

Т.Шонанұлы тіл ширатудағы бала әңгімесі, оқытушының әңгімесі, әңгімелесу, сынып пен мектеп жиылысына араласу, өлең мен тақпақ, сахна ойыны, оқушының баяндамасы секілді әдістердің әрқайсысының ерекшелігін қысқаша сипаттай келіп, мұғалімдерге нақты әдістемелік кеңестер берген. Ғалымның осылайша бастауыш мектепте тіл ширату

жұмысының жүйелі жүргізілуі қажеттігі жайындағы пікірлері оның «Тіл дамыту» оқулықтарын жазуына негізгі себеп болды деп есептейміз. Бірақ бұл оқулықтар «Тіл дамыту» деп аталғанымен, мазмұны тек қана тіл дамыту жұмыстарынан тұрмайды. Оқулықта грамматикалық тақырыптар да, тіл дамыту жұмыстары да қамтылған, яғни автор балалардың бастауыш сыныптардан бастап дұрыс сөйлей білулері олардың сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін, сөйлемдегі сөздерді байланыстыратын қосымшаларды, сөйлем түрлерін меңгерулеріне байланысты екенін дұрыс аңғарған. Сондықтан автор «Тіл дамыту» оқулықтарында оқушылардың өз ойын жүйелі жеткізе білуге үйрету ісін теориялық мәліметтерді меңгертумен тығыз бірлікте бере білген.

Осы ретте ғалым В.М.Чистяков көрсеткендей, *«грамматика бәрінен бұрын практикалық мақсатта оқытылады...грамматика тәжірибеде пайдаланудан бөліп қаралса, оқушы түрлі грамматикалық заңдылықтар мен ережелердің не үшін қажеттігін түсінбейді... грамматика оқушыларды дұрыс сөйлеуге және жазуға үйретуі тиіс»* [4, 268]. Олай болса, Т.Шонанұлының балаға тіл заңдылықтарын меңгерте отырып, оларды ауызша да, жазбаша да сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды мақсат еткен «Тіл дамыту» оқулықтары өз кезеңінде оқушы үшін де, оқытушы үшін де өте қажетті құрал болған деп ойлаймыз.

1932 жылы 25 тамызда БК(б)П Орталық Комитетінің «Бастауыш және орта мектептің оқу программалары мен режимі» туралы қаулысы қабылданды және сол

жылы бастауыш мектептер үшін жаңа бағдарлама жасалды. Осы бағдарламада *«ана тілінен дұрыс білім алынбаса, бала дұрыс оқуға, жазуға, сөйлеуге жаттықпаса, басқа пәннен де ақсайды»* [5, 11], – деп, баланы дұрыс сөйлеуге, жазуға дағдыландыруда ана тілі сабақтарының міндеттері сараланған.

Т.Шонанұлының «Тіл дамыту» оқулықтары бұл бағдарламаға дейін жазылып, мектептерде пайдаланылды. Бұдан тағы да ғалымның сол кездегі мектептердегі қажеттілікті терең сезіне білгендігін әрі ғылымға деген үлкен ықыласын көреміз.

Бұл жерде тағы көңіл бөлетін нәрсе – Т.Шонанұлының «Тіл дамыту» оқулықтары нақты қай сыныптарға арналғандығын анықтау. Жоғарыда айтылғандай, оқулықтың 1-кітабы туралы еш дерек жоқ, ал 2, 3-кітаптардың титул беттерінде 1-басқыш қазақ мектебі үшін деп жазылған да, нақты қай сыныпқа арналғаны көрсетілмеген. Ғалым өмір сүрген кезеңде жыл сайын әр сыныпқа арналған оқулықтар тізімі «Жаңа мектеп» журналы беттерінде көрсетіліп тұрған. Осы журналдың 1931 жылғы № 1 санында 1931-1932 оқу жылында бастауыш сыныпта оқытылатын кітаптар тізімі берілген. Сол тізімде 1-басқыштың (қазіргіше бастауыш мектеп) II, III, IV бөлімдерінде Т.Шонанұлының «Тіл дамыту» (1, 2, 3) оқулықтары пайдаланылатыны көрсетілген. Бұдан «Тіл дамытудың» 1-кітабы 2-сыныпқа, 2-кітабы 3-сыныпқа, 3-кітабы 4-сыныпқа арналған әрі грамматикалық, әрі тіл дамыту мақсатын көздеген оқулық деген тұжырым жасауға болады. Ғалым оқулығының осындай атауының өзі, бір жағынан, сол кездегі білім беру жүйесіне қойылған

талаптарға байланысты деп есептейміз. Т.Шонанұлы тіл дамыту жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі қажеттігін айта келіп, мұғалімдерге мынадай тәсіл-нұсқау ұсынған: *«әуелі кірген баланың тілден қанша байлығын, тілінің кемістігін, қалай сөйлейтінін байқайды. Содан соң сабақ үстінде кем-кемдеп кемістікті жою береді. Әуелі балаларға аз-аздан жаңа сөз қосарлық жұмыстар тапсырылады, сөйтіп бірте-бірте баланың тілін байытады. Сабақ кезінде бала амалсыз сөйлерлік шарт әзірлеп отыру керек»* [2, 19]. Осылайша Т.Шонанұлы мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап бала тілінің қалай дамығанын жіті бақылау қажеттігін ескерте отырып, одан әрі тіл ширатудың әдістерін жеке-жеке талдап көрсеткен:

1). Бала әңгімесі. Бала әңгімесінің дені – көрген, білген нәрселерін сөз қылу. Оқытушы баланың не жайында, не тақырыпқа сөйлеуіне мұрындық болып, итермелеп отыруы керектігін айтады. Өйткені, *«Бала өзі көрген, араласқан нәрсесі – әңгімеге ең қолайлы тақырып. Мұндай нәрсені бала құшырланып, делебесі қозып сөз қылады. Сөйлеп тұрған баланың сөзін ретсіз бұзуға болмайды, бала өз тілімен сөйлесін»* [2, 20], – деген ұсыныс айтқан. Әдіскер ғалымның бұл ұсынысы қазіргі нәтижеге бағытталған, яғни білімді болу үшін үйренуші еңбектенуі керек, әрекет жасауы қажет. Білім өз басында пайда болуы үшін адам оны есінде сақтап, түсінуі, қолдануы, талдау жасауы және бағалауы қажет. Үйренуші өзін білім игеру процесінің басты тұлғасы ретінде сезініп қана үйренеді [6,11], – деген көзқарастың бастамасы деуге болады. Олай болса, қазіргі айтылып жүрген білім алушыны өздігінен әрекет

етіп, ізденуге итермелейтін интербелсенді оқытудың да басты қағидалары Т.Шонанұлы еңбектерінде көрініс тапты деп есептейміз. Сондай-ақ ғалым оқушыны өздігінен ізденіп білім алуға жетелейтін жұмыстарды баланың жас ерекшелігіне сәйкестендіріп беруге, яғни тапсырмаларды бірте-бірте күрделендіруге ерекше көңіл бөлген. Оған Т.Шонанұлының мына сөзі дәлел: *«жетекші сұрау арқасында бала бірте-бірте ойын реттеп, сөйлеуге жаттыға береді, екінші жылы сұраулар тақтаға жазылады. Осы сұрауларға дереу балалар ауызекі әңгіме сөйлеп береді. Үшінші жылы балалардың өзі бірте-бірте план жасап, сол бойынша әңгіме айтады. Төртінші жыл бала ойын реттеп айтып, кітаптан оқығанын өз сөзімен дұрыс түсіндіре алады»* [2, 22]. Көріп отырғанымыздай, Т.Шонанұлы айтып отырған ұсыныс-талаптар баланы ойландырып, шығармашылықпен ізденуге жетелейді. Бұл талап та кейінгі кезде айтылып жүрген дамыта оқыту идеясымен ұштасып жатыр. Сондықтан ғалым пікірлері сол кезең үшін ғана емес, қазір де құнды.

Ғалымның келесі әдісі – оқытушының әңгімесі. Оның пікірінше, *«оқытушының сөзін тыңдағаннан балалар үлкендер сөзін түсінуге дағдыланады, жаңа сөздер біледі»*, – дей келіп, **бірақ ол жаңа сөздерді оқытушы бірден жүндей көпіртпей, бірте-бірте кіргізу керек және әр бөлім баласына сөйлейтіні, әрине әртүрлі болады, ... әрі оқытушы әңгімесі қысқа болуы керектігін ескерткен** [1, 22]. Т.Шонанұлы ұсынып отырған оқушының, оқытушының әңгімесі жайындағы пікірлері қазіргі жаңартылған білім бағдарламасына сай оқушыларды өз бетімен ізденіп, сыни тұрғыда

ойланып жұмыс істеуге мүмкіндік беретін тәсілдер десек, артық емес.

Әдіскер әңгімелесу әдісіне тоқталып, ол әдіс бойынша балалар оқытушының жетекші сұрауына, бақылаған нәрсесі жайында **жазып та ауызекі жауап береді** және олардың жауаптары **талданады**, бақылаған нәрселерінен бала өзінше **сурет салады**, білмегендерін білгендерінен **сұрайды**, мұның бәрінің соңынан **бірігіп**, ауызекі **шығарма жазуларына болады**. Бұл жұмыстардың барлығы баланы қатысымдық біліктілікке дағдыландырады. Сөйтіп бала сұраққа **жауап та береді**, өзінің байқағанын, көргенін ауызша **баяндайды** немесе **жазып көрсетеді**. Осындай жұмыстарды ғалым ауызекі шығарма жазумен аяқтауға болатындығын ескертеді. Алғашқы кезде бала оқытушының сұрауына жауап берсе, кейін, әдіскер көрсеткендей, *«өздері сұрау қоюға, сұрауға жауап алуға, әңгіменің планын тақтаға жазуға, басқаның ойын тыңдауға, тиісті жерінде сөз сұрап алуға дағдылануы керек»* [2, 24]. Осылайша, балалар мұғаліммен, жолдастарымен өзара әңгімелесулері арқылы өз ойларын дұрыс та жүйелі жеткізе білуге үйренеді. *Сондай-ақ мұның барлығы қазіргі интербелсенді оқытудың орта қалыптастыру қағидасына сәйкес білім алушы оқып, үйренуде өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау;*

үйренушілер арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату;

үйренушілерге білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағдар сілтеу [6, 63], – деген мақсаттарына сай келеді.

Осылайша Т.Шонанұлы оқулықтарынан да, әдістемелік мақалаларынан да қазіргі әдістемелік пікірлермен үндестік, сабақтастықты табуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәкенов Ә., Байғалиев Б. Телжан Шонанов. -Алматы: Халық кеңесі, 1994. -№124. -3-4 б.
2. Шонанұлы Т. Жаңалыққа жетекші. -Қызылорда, 1929. – 36 б.
3. Шонанұлы Т. Білім кеңесінің програмы және 1-басқышта ана тілі // Жаңа мектеп. – 1929, № 9. 18-22-б.
4. Чистяков В.М. Основы методики русского языка в нерусских школах. -М.: Гос.уч.пед.изд., 1958. – 455 с.
5. Бастауыш мектептер үшін жаңа программ // «Қазақстан» баспасы. – 1932.
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы: 2009. – 328 б.

С. ОСПАНҰЛЫ,
К. МЫРЗАҒАЛИЕВА
Ө. Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің
профессорлары.

ШЕТЕЛДІКТЕР АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада Қытай, Тәжікстан, Түрік, Өзбекстан ғалымдарының А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы жайында жазған еңбектерінің мән-мазмұны айтылады.

Түйін сөздер:

Монография, тіл, тіл білімі, филология, мәдениет, әдебиет, тарих, әліппе, жазу, араб, графикасы, түркі әлемі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша Алматының «Дәуір-Кітап» баспасынан 2013 жылы Қытайдың тарихшы ғалымы, профессор Су Бихайдың (1917-2000) «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты кітабы жарық көрді.

Су Бихай қазақ тілін жақсы білген. Қазақ тарихын зерттеген оның «Қазақтың жалпы тарихы» деген төрт томдығы (2003), «Қазақ халқының мәдениет тарихы»

кітабы (1989) Қытайда басылып шықты. Бірінші аталған еңбегінде, аты айтып тұрғандай, қазақ ұлтының шығу тегі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі қамтылса, екіншісінде қазақ халқының сонау көне дәуірден қазірге дейінгі қоғамдық құрылысы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, діні, әлеуметтік жағдайы сөз болады.

Су Бихайдың «Қазақ мәдениетінің тарихы» кітабы 16 тараудан тұрады. Кітапты қазақ тіліне аударған тарихшы, жазушы – Тұрсынхан Зәкенұлы.

Еңбектің 14 тарауы «Осы заманғы жазу мен әдебиет», оның бірінші тараушысы «Араб графикасы негізіндегі қазақ жазуы» аталады.

Онда VIII ғасырдан бері қарай ислам діні Қазақ даласына тарала бастағаны, бірнеше ғасырға созылған ұзақ уақыт барысында қазақ халқы түгелдей ислам дініне сенетін ұлтқа айналғаны, сөйтіп қазақтар ата-бабасы қолданып келген ұйғыр жазуының орнына араб графикасын қолдануға көшкені айтылады. Сондай-ақ, 1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлы әліппесін жазғанын, ол араб графикасындағы қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай келмейтін дыбыс таңбаларын (әріптерді) қысқартып, қазақ тілінің дыбыс ерекшеліктеріне үйлесетін дыбыс таңбаларын енгізгенін түсіндіре баяндайды.

«Бұл жолғы жазу өзгерту, – дейді автор, – қазақ тілінің заңдылығына сай жүргізілді. Алтай, Тарбағатай, Үрімжі қалаларында осы жазумен қазақша басылымдар шықты.

Орта Азия мен Қазақстандағы түркі ұлттары араб жазу негізіндегі шағатай жазуын қолданған кезден бастап, дүниеге әйгілі «Диуани лұғат ат-түрік»,

«Гибат әл-ғақлия», «Яссауинама», «Бақырғани», «Хисасул әнбие» тектес кітаптар осы жазумен жазылды, қолдан-қолға көшірілді».[1,415 б.].

Сәйфи Құдаш Башқұртстанның халық ақыны (1964), Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген. Қостанай облысының қазақ ауылдарында біраз жыл мұғалім болған. «Жастық шақтық ізімен» атты кітабы орыс (1972) және қазақ тілдерінде (1972) жарық көрді.

Бұл естелік кітабын ақын «айнымас ыстық жүрегімнің қазақ халқына арнаған мәңгілік сыйы» депті. Онда қазақ, татар және башқұрт халықтарының мәдени байланысы, өзінің қазақ елінде өткен өмірі жайында әңгіме шертеді.

Сәйфи Құдаш 1972 жылы Сырбай Мәуленовке жазған хатында елу жылдық тойына шақырғанына алғысын білдіріп, қартайғанын, Қонаевқа 103 беттен тұратын хат жолдағанын, бірақ жауап ала алмағанын айтып: «Алматыға барып, онда өзімді сенімсіз бір адам халіне қойып, Алматы КГБ-сының жасырын агенттері көтімнен қалмай, іздеулері қорлығына қалғым келмейді. Абай тойына шақырып, Имашев жолдастан хат алсам да, өздері осындай саяси ауыр халге қойғасын, бара алмадым» деп, мына төмендегі өлеңді жазып жіберіпті:

*Аз сөзге құлағың сал, ақын інім,
Ой, пікір, рухымыз жақын інім.
Ағалық правасын қолыма ұстап,
Келемін айтайын деп ақыл, інім.*

*Өзімді ағамын деп үлкейтемін,
Онымды көрермісің мақұл, інім?*

*Адасқан ағаңыздан жері болса,
Тілеймін ете гәр деп ғафу, інім.*

*Жай жатсаң жаңылмайсың, адаспайсың.
Күресте кім кетпейді ғафуыл, інім?
Ат қойған аз-көбіне қарамастан,
Ақылға біздер жарлы, пақыр, інім.*

*Доңыздай талғамай жеп семіргендер
Саналып ақылдыға жатыр, інім...
Сыйласаң десең жұртың қадір тұтып,
Айғырсып момындарға ақыр, інім.*

*Білімді ел ішінде болам десең,
Шешенсіп, жоқты сөйлеп лепір, інім.
Қолыңнан мұның бәрі келе алмаса,
Кісімсіп, ең болмаса қақыр, інім!*

*Мені жақсы білетін, аға көретін барлық қазақ
бауырларыма, достарыма, келінге, өзіңе ықыласты
сәлеммен, сағынып. Ұмытпа, хат жазып тұр.*

Сәйфи Құдаш.

PS. Мына баспаға шықпаған бір өлеңімді жолдадым. *Тарихи бір документ боп сендерде сақталсын»* [2.100-101 бб.].

1972 жылдары Ахмет Байтұрсынұлының Міржақып Дулатовқа арнаған бұл өлеңін көпшілік біле бермейтін. Өйткені олардың атын атаудың өзі қылмыс болып саналатын. Сондықтан да хатты біреулер тексере ме деген күдікпен «өз өлеңім» деп отыр.

Хатта Кеңес заманының келбеті, автордың Ахметті ардақ тұтып, өлеңі жоғалмасын, «тарихи бір құжат»

болып қалсын деген жанашырлық сезімі, игі ниеті, тілегі бар.

А.Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі жайында Тәжікстанда алғаш жазған – филология ғылымдарының докторы, профессор Абдусаттар Нұралиев. Оның «Тәжікстан әдебиеті мен өнері энциклопедиясында» («Энциклопедия и адабият васанъатиточик») жарық көрген мақаласында А.Байтұрсыновтың қазақ халқының XX ғасырдағы аса ірі тұлғаларының, сондай-ақ, ұлтының азаттығы үшін күрескен Алаш Орда көсемдерінің бірі екендігі, араб графикасы негізінде қазақ әліпбиін жасаған ірі реформатор ғалым болғандығы, ақындығы айтылады[3, с. 24-25].

Нұралиев – қырық жылдан астам уақыт қазақ әдебиетін Тәжікстанда насихаттап жүрген жалғыз ғалым. Ол Өзбекстанның Самарқан облысындағы Қошрабад ауданында туған. Филология ғылымдарының докторы (1998), профессор (2000). 1945 жылы әке-шешесі Оңтүстік Қазақстанның Қызылқұм ауданына қоңыс аударады. 1968 жылы С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіреді. Еңбек жолын ауылда мақта шаруашылығында бастаған ол кеңес әскері қатарында болады. 1968 жылы Тәжік мемлекеттік университетінің жаңадан ашылған журналистика бөліміне жолдамамен оқытушы болып барып, содан осы уақытқа дейін 40 жылдан астам тәжік журналистикасын дамытуға атсалысты. Тәжік ұлттық университетінің журналистика факультетінің деканы (1993-1996), «Журналистика және шетел әдебиеті»

кафедрасының меңгерушісі (1996-2001) қызметтерін атқарды. 2002 жылы Тәжікстанда жаңадан ашылған «Ресей-Тәжікстан» славян университетінің негізін қаласып, «Журналистика тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда. 1975ж. «Қазақ-тәжік халықтарының ауыз әдебиеттеріндегі өзара байланыстар» тақырыбында кандидаттық, «XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдағы қазақ-тәжік әдеби байланыстары (Абай және Абайдан кейінгі дәуір)» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Нұралиев 50-ден астам мақала, 7 зерттеу кітап жазып, қазақ пен тәжік халықтарының тарихи мен әдеби-мәдени байланыстарын зерттеді. «Қазақ-тәжік әдеби байланыстарында» (2011) қазақ-тәжік әдеби байланыстарының өзекті мәселелері, түркі-парсы әдебиеттерінің дамуындағы рухани алыс-берістің рөлі ғылыми тұрғыдан жүйелі талқыланады. Сондай-ақ қазақ әдебиетін зерттеуде парсы-тәжік әдебиетіндегі тарихи деректердің құндылығы, парсы-түркі әдебиеттерінің өзара ықпалы жайлы құнды пікірлер айтылады. Нұралиевтің «Орталық Азия халықтары әдебиеті» (1994), «Абай және тәжік әдебиеті» (1995), «XIX және XX ғасырлардағы қазақ-тәжік мәдени және әдеби байланыстары» (2001) атты еңбектері компаративистика мәселелеріне арналған. Оның қазақ, тәжік, орыс және өзбек тілдерін жетік білетіндігі әдебиеттер арақатынасын зерттеу істерінде игі ықпалын тигізді. Ол «Абайдың кара сөздерін» (Душанбе, 2010) тәжік тіліне аударған; қазақ әдебиеті жайлы тәжік энциклопедиясына 100-ден артық мақала жазды. А.Құнанбаев, М.Әуезов,

С.Мұқанов, Ж.Жабаев, Т.Ізтілеуов, Р.Бердібаев, Ә.Жәмішев жайлы баспасөзде жарық көрген 20-дан астам мақаласы, телеарна мен радиода қазақ әдебиеті мен тәжік әдебиетінің арақатынасына арналған отыздан астам бағдарламалары әдебиет пен халықтар достығына, рухани жақындығына арналған. Ол кейінгі уақыттарда Ахмет Иасауидің, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектерін, Тәжікстан қазақтарының тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттей бастады. Журналистиканың тарихы мен теориясы жайлы 50-ден астам ғылыми мақала, 12 зерттеу кітап жазды. «Тәжік совет журналистикасы (1989), «Баспасөздің хабар жанрлары»(1988), «Шетел журналистикасының тарихы» (2001), «Журналистиканың құқықтық негіздері» (2005, тәжік тілінде), «Баспасөздің ақпараттық жанрлары» (2004), «Информационное жанры печати» (2005), «История журналистики зарубежных стран» (2011), тағы басқа оқулықтары мен оқу құралдары жарық көрген. Ғалымның еңбектері Мәскеу, Санкт-петербург, Алматы, Тегеран, Вена, Бішкек, Киев, т.б. қалаларда басылған ғылыми жинақтарда жарық көрген. Нұралиев Тәжікстан Журналистер одағы басқармасының мүшесі, «Тәжікстан-Қазақстан достық қоғамының» (2001) төрағасы. Қорғантабе қаласындағы бір көшенің «Қазақтар» (2011) аталуына мұрындық болды.

Тәжік ғалымы «Қазақ» газетінің қазақ халқының көкейкесті мәселелерін жазып, ел қамын ойлағанын, халықты оқу-білімге, өнерге шақырғанын, әлем халықтарының әдеби байланысын дамытып, нығайтуға да зор үлес қосқанын, солардың ішінде Тәжік классикалық әдебиеті өкілдері жайында да келелі мәселелер қозғағанын айтады.

«Сондықтан да, – дейді А. Нұралиев, – Тәжікстанда

А. Байтұрсыновтың елі үшін еткен еңбегі айрықша бағаланады. Қазақтың тұңғыш Әліппесін жасап, Ана тілінің дамуына теңдессіз үлес қосқан ұлы тұлға жайында журналистика, филология факультеті студенттеріне арнайы» «Ахметтану» курсы жүргізіп келем».

2011 жылы Түркияның Стамбұл қаласында филология ғылымдарының докторы, профессор Нергиз Бирайдың «Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдеріне тілдік және стильдік талдау» атты кітабы жарық көрді.

Автор бұл еңбегінде ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығына, қайраткерлігіне, XX ғасыр басындағы қазақ елінің жай-күйі, қазақ әдебиеті мәселелеріне де тоқталып, шығармалары жайында да айтады.

Бірінші тарауда негізінен осындай өмірбаяндық деректер берілсе, **екінші тарауда** ақын өлеңдері тақырыптарына қарай жіктелген. Яғни **бірінші тараушада** автордың өзі жайындағы өлеңдері, **екінші тараушада** адами құндылықтар, мінез кемшіліктері мәселелері, **үшінші тараушада** әлеуметтік жағдайларды қозғаған өлеңдерін беріп, оларды талдап, таразылап, нақты мысалдар арқылы тұжырымдайды. **Үшінші тарауда** ақын өлеңдерінің құрылымы, **төртінші тарауда** тілдік және стильдік ерекшеліктері зерттеліп, зерделенеді. Сондай-ақ кітаптың қосымшасында А.Байтұрсынұлы өлеңдері мен аудармалары қазақ тілінде, бірақ латын әріптерімен теріліп, кейбір өлеңдері түрік тіліне де аударылып берілген [4].

Өзбекстанда Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің еңбек сіңірген профессоры,

лингвистикалық және лингводидактик ғылыми мектепті қалыптастырушы, алғашқы ахметтанушылардың бірі ретінде А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын (тілтанушы, лингводидактикасы, әдістемесі) тереңнен зерделеген, сингармофонология теориясын тіл білімінде тұңғыш зерттеген **Маханбет Жүсіпұлының «Фонемография Ахмета Байтұрсынова и фонология сингормонизмі» (1995), «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілі фонологиясы» (1998) кітаптары Ташкент қаласында шықты (1998)[5].**

Бұл еңбектерінде ол фонемограф А. Байтұрсынұлының ресейлік Н. Ф. Яковлев пен Америка ғалымы Р.О. Якобсон зерттеу еңбектерімен тең түсетінін нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдейді.

Өзбекстан Республикасы жоғары және орта арнаулы білім министірлігі, Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің ғылыми кеңесі ұсынған М.Жүсіповтің Қ.Ибрайымовпен бірлесіп жазған **«Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика»** деп аталатын монографиялық еңбегі Алматының «Әлем» баспасынан 2015 жылы жарық көрді.

Монография «А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының қазіргі қазақ тіл біліміндегі зерттелуі», «А. Байтұрсынұлы тілтанымдық еңбектеріндегі ғылыми стиль эволюциясы» деген екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Еңбекте ұлы ұстаздың тілтанымдық мұрасының ғылымтанымдық, терминжасамдық, стилистикалық мәселелері зерттелген.

Байтұрсынұлының ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде әлем тіл білімі тарихында ұлы ғалымдар қатарында тіл мен тілдесімді лингвистиканың екі

негізгі ұғымдары ретінде түсінгендігі анықталады, яғни тілдің статикасы мен динамикасының екітұғырлы дүние екендігі айқындалады. Кітапта А. Байтұрсынұлының ғылымды объективтік болмыс ұғымында түсінгендігі, қазақ ғылыми терминологиясының, жалпы стилистикасының, ғылыми стилінің, ғылымтанымның негізін қалаушысы екендігі нақты тарихи деректерді зерттеу барысында дәлелденеді; қазақ және жалпы түркі әлеміндегі алатын биік орны нақтыланады; заманауи (лингвостатистикалық, лингвоқұрылымдық, лингвосалыстырмалы, лингвотипологиялық) әдіс-тәсілдерді қолданылуы арқылы әлемдік жалпы түркі және қазақ тілтанымындағы белгілі (дәстүрлі) ұғымдар, категориялар, ұстанымдар интерпретацияланып, олардың жаңа қырлары ғылыми суреттеу дағдысының қолданылуы арқылы талқыланады, таңбаланады[6].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бихай С. Қазақ мәдениетінің тарихы, Қытай тілінен аударған Т. Зәкенұлы.-Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2013.

2. Оспанов С. Публицистика (Оқулық)- Алматы: «СаҒа» баспасы, 2001.

3. Нуралиев А. Энциклопедия тажикской литературы и искусства. Душанбе, 2004. С.24-25.

4. Бирай Н. «Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдеріне тілдік және стильдік талдау» (Ahmet Baytursinuli Siirleri Uzerinde Dil ve Uslup Incelenmesi)-Стамбұл: «Bilgemguz», 2011.

5. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы.- Ташкент-Узбекстан, 1995.

6. Джусупов М., Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика.-Алматы: «Әлем» баспасы, 2015.

А.Б. БЕЛБОТАЕВ,
А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің
академиялық профессоры,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.

М.ӘБЛУҒЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.

Е. Қ. ЖҰБАНОВ – ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

Резюме:

В этой статье рассматриваются Вопросы и пути становления казахского эпоса в работе ученого Е.К.Жубанова а также фундаментальное изучение казахского эпоса в труде, посвященное всестороннему изучению языка.

Abstract:

This article discusses issues and ways of formation of Kazakh epic literature in works of scientist Y.K.Zhubanov as well as fundamental study of Kazakh epic literature dedicated to comprehensive language learning.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары ҚазССР-інің "Ғылым" баспасынан жарық көрген **Е. Жұбановтың "Эпос тілінің өрнектері" деп аталынатын ғылыми еңбегі** әдебиетші, тілші ғалымдарға, студенттерге,

аспиранттарға берер мағұлматтары көп еді. Жалпы филология тұрғысынан жазылған бұл еңбектің **алға қояр мақсаты** – *эпостың тіл өрнегін тугызған негізгі принциптерді лингвистикалық стилистика жолымен зерттеп тану.*

Қазақ халқының ауызекі сөз өнеріне тән алуан түрлі үлгілердің тіл құрамын сипаттау арқылы автор ақындықтың суырып салма дәстүрімен жырланған ірі эпос туындыларының қалыптасу жолын барлайды. Эпос дәстүрін ұстаушылардың *"асқақ стилін" тереңірек түсіну үшін фольклор шығармаларында сақталған көне грамматикалық тұлғалар, өлең ырғағын жасаушы сөздердің тобымен түрліше синтаксистік амалдар, фразеологизмдер мен қос сөздердің қолданыс ерекшеліктері, диалектілік ауытқулардың табиғаты талданады"* деп жазылған кітаптың аннотациясында.

Академик І. Кеңесбаев айтулы кітап туралы: *"Ұсынылып отырған еңбектің қанишалықты қажет екенін түсіндіріп жатпаса да болады. Халықтың ауыз екі сөз өнері қазақ әдеби тілін дүниеге келтірген, оған нәр берген негізгі арналардың бірі болғаны баршамызға мәлім. Фольклор шығармасы тіліне, оның стильдік жүйелеріне тән ерекшеліктерді танып-біліп, соған қатысты проблемаларды ойдағыдай шешіп алмайынша, жазба әдеби тілдің эволюциясын, әсіресе, оның бастапқы пайда болу кезеңін түсіну, заңдылықтарын білу мүмкін емес. Е. Жұбановтың бұл еңбегі ауыз әдебиетінің тілін, оның ішінде, қазақ халқының даңқты лиро-эпосы "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырларының тіл өрнегін баяндайды..."* – деп жазды [1].

Шынында да ғылыми еңбек авторы – ғалым Е.Жұбановтың эпостың тіл өрнегін туғызған негізгі ұстанымды лингвистикалық стилистика жолымен зерттеп, тануда біршама еңбектенгені көрініп тұр.

Олай дейтініміз: **Кіріспедегі** – "Ауыз әдебиеті тілінің жалпы сипаты", "Көне түркі жазулары және ауыз әдебиеті";

Бірінші тараудағы – "Өнер арналары және эпос", "Миф элементтерінің эпос тілінен алатын үлесі";

Екінші тараудағы – "Эпос тілінің ерекшеліктері", "Диалектілік ерекше қолданыстар", "Грамматикалық ерекше қолданыстар";

Үшінші тараудағы – "Фразеологизмдер мен қос сөздердің қолданыс ерекшеліктері";

Төртінші тараудағы – "Эпостағы есімдер" деп аталатын тақырыптар кітаптың соншалықты құнды екендігін дәлелдеп тұр.

Мәселен, **"Ауыз әдебиеті тілінің жалпы сипаты" деп аталатын тарауда** ертеден сақталып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері, олардың сақталу үдерісі, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен ерекшелігін т.б. ауыз әдебиетінің халықтың эстетикалық идеяларымен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан талдап, өз пікірін өрбітеді. Осы тұрғыда В.В. Гусевтің, Ш. Құсайыновтың, Ы. Дүйсенбаевтың, В.В. Радловтың, А.К. Боровковтың, М. Әуезовтің, Р. З. Қыдырбаеваның, Қ. Қ. Жұбановтың, С. Е. Маловтың, Н. Ф. Бабушкиннің т. б. ғылыми еңбектерін қарап, оларға сілтеме береді.

Е.Жұбанов **"Ауыз әдебиеті тілінің жалпы сипаты" атты тақырыпта** былай деп ой өрбітеді: "Әдетте біз фольклор деген ұғымды халық аузында ертеден

сақталып келе жатқан бір тұтас шығармашылық деп қабылдаймыз. Ауызекі сақталу үдерісі фольклордың жазба әдебиеттен айырмашылығын көрсететін ең басты белгі екені де рас. Бірақ бұл белгі халық туындысының бүкіл мазмұнын ашып таныта алмайды..." [2].

Ауыз әдебиетінің ауқымы – өте кең. Мысалы, Алтын Орда (қыпшақ) дәуірінде өмір сүрген әйгілі ақындар Рабғузи, Сайф Сарай әдебиетке жаңа леп алып келді. Рабғузи ауыз әдебиеті үлгілерін назарға ала отырып, өзінің авторлығында қиссалар жазды. Ал Сайф Сарай парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағди Ширазидің "Гүлстан" атты шығармасын түркі тіліне еркін аударып, оның атын "Түркі тіліндегі Гүлстан" деп атады. **"Ал осы аты әйгілі ақындар өз шығармаларын жазарда ауыз әдебиетінен нәр алған жоқ", – деп айта аламыз ба?** Өз шығармаларын ауыз әдебиеті үлгілеріне негіздеп жазған ақындар көптеп кездеседі. Демек, қай дәуірде өмір сүрсе де, халықтың эстетикалық тағылымын жырлаған ақындар адамзаттың рухани мәдениетін халық арасына насихаттауда әртүрлі әдеби көркем әдіс-тәсілдерді қолданғанына көз жеткіземіз. Е. Жұбанов бұл жөнінде: *"...фольклор деп адам баласының рухани мәдениетінің ішіндегі бұқара көпшіліктің ой-өрісін нашар ететін әрі өмір шындығын халықтық-эстетикалық идеяларына сәйкестеп образды, көркем тәсілдермен (саналы болуы да шарт емес) бейнелейтін өнер саласы аталады..."* деп жазды [3].

Е.Жұбанов сонан соң **"Балтам тап" ойынындағы** диалогтарға назар аударып отырып, драмалық көріністерде кездесетін диалогтар туралы өз ойын

сабақтайды. Сонымен бірге халық ауыз әдебиеті туындыларындағы проза мен поэзияның кезектесе орын алуы туралы пікір өрбітеді. Сөйтіп "Алпамыс батыр", "Қобыланды батыр", "Ер Тарғын" деп аталатын батырлық жырларындағы прозалық қосымшалар туралы ғылыми тұжырымдар жасайды: *"...Қазақтың "Алпамыс", "Қобыланды батыр", "Ер Тарғын" сияқты батырлар жырының қай-қайсысында болмасын прозалық қосымшалар бар. Олар жырдың жекелеген бөлімдерін өзара байланыстырып тұрады. Бұндай қосымшалардың көлемі де әр түрлі болып келеді: кейбіреулері – бір-екі сөйлем шамасында болса, екіншілері – бірнеше сөйлемдер мен сөйлемшелерден құралған тұтас бір абзац болады. Ал үшінші бір қарасөздің көлемі тіпті одан да көбейіп, жырдың тұтас бір оқиғаларын, қарасөзбен баяндайтын бөліктері секілді қызмет атқарады. Кейде бұл сияқты баяндауларда автор сөзі дами келе, кейіпкерлердің диалогына да ұласып кетеді..." [4].*

Эпостық жырларда қара сөз бен өлең-жырдың араласып келуі туралы профессор Қ. Жұбанов та былай деп ой өрбітеді: *"Біздің батырлық эпостарының бәрінде де қара сөзге өлең аралас келеді. "Қозы Көрпеш", "Шора", "Алпамыс" т.б. жырларды қара сөзбен әңгімелеп айтып келеді де, ара-арасындағы бір лирикалық моменттерді өлеңдетіп жібереді... Жыр формалы ертегінің бәрі де алғашқы әзірде қағазға жазылып, қағаздан оқылған, немесе қарадай айтылған нәрселер емес, жырышы жырылай отырып, әңгімесін айта, инструментке оңай әнді шырқай отырып айтылған сюжетті поэзия..." [5].*

Е. Жұбанов қисса-дастандардағы қара сөз бен өлең-жырдың араласып келу дәстүріне байланысты өзіндік тұжырымдар жасайды. Әдетте, қисса-дастандардағы мұндай әдіс-тәсілдер туралы қазақ ғалымдары да пікір өрбіткен. Мұндай көркемдік әдісті біз қазақ түркілерінің эпостық жырды баяндау барысында көркем сөздің құдіретін санаға сіңірудің бір жолы болар-ау деп ұйғарып отырмыз. *"Қазақ эпосы, негізінен, өткен ғасырдың ішінде жиналған. Жазып алушылардың басым көпшілігі Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, И. Н. Березин т.б. сияқты орыс ғалымдары болған. Кейінгі жылдардың азды-көпті қоспалары болғанымен, алғаш қағаз бетіне түскен нұсқаларды мүлде өзгертіп, яки жаңартып жібере алған жоқ. Сөйтіп бұл жағдай эпосымыздың әуел бастағы болмағанымен, біршама әрідегі бітімін бұзбай сақтап қалуға септігін тигізді. Дегенмен осы алғаш рет жазып алынған кездің өзінде де эпостың құрамындағы прозалық бөлікшелерді біртіндеп кеміріп, тауысып келе жатқан үдерісті байқау қиын емес. Олай дейтін себебіміз – қазақтың эпостық жырларындағы қара сөзбен айтылатын үзінділердің жырдан алатын үлес салмағы қазірде аса қомақты емес. Атқаратын қызметі жағынан да бұлар шығарманың көркемдік құнын көтеріп, не төмендетіп тұрған жоқ, жырдың құрамынан тек дәстүрлі деталь есебінде ғана орын алулы. Бірақ осы азын-аулақ қара сөздің өзі де фольклордың тілін зерттеуші мамандар үшін аса қажетті материал болып табылады. Өйткені, бұларға қарап қазақ әдеби тілінің үлгісін салған ерте замандағы көркем прозаның стильдік жүйесінен аз да болса мағлұмат алуға болады..." [6.12 б.].*

Ал, *"Көне түркі жазулары және ауыз әдебиеті" атты тақырыпта* ғалым Е.Қ.Жұбанов В.М.Жирмунскийдің, Х.Т.Зарифовтың, С.Е.Маловтың, М. Жолдасбековтің, К.Маркстың, В. В. Виноградовтың, Ж. Досқараевтың, Б.А.Серевренниковтың, И.И.Толстойдың, И.В.Стеблеваның, А.Н.Самойловичтің, В.В. Радловтың, Ю. Неметтің, Ә.Қоңыратбаевтың, Ф. де Соссюрдың, Э.Р.Тенишевтің, Е.М.Мелетинский т.б. ғылыми еңбектерімен ой бөліседі.

Е.Жұбанов Күлтегін мен Білге қағанның бейітіне қойылған ескерткіш тастардағы жазулар туралы: *"Ақындық өнердің өте ертедегі тәсілдері мен эпос жырына тән дәстүрдің кейбір нышандарын біз Орхон-енисей ескерткіштерінің тілінен де байқаймыз. Мысалы, Күлтегін мен Білге қағанның бейітіне қойылған ескерткіш тастардағы жазулар жазба поэзия тіліне талпынудың нақты бір үлгілері екені аян..."* – деп жазады [7.17 б.].

Шынында да, ежелгі түркілердің жазба әдебиеті "Күлтегін", "Тоныкөк", "Білге қаған" жазба ескерткіштерінен басталатыны рас. Ақындық өнердің бастау алатын шақтары осы дәуір екенін ғалымдар дәлелдеп жазды да. Ал кейбір ғалымдарымыз Күлтегін мен Тоныкөк жырларының қазақтың батырлар жырының бастау көзі деген де ғылыми тұжырымдар жасап, ғылыми еңбектер жазғаны белгілі.

"Өнер арналары және эпос" деп аталатын бірінші тарауында ғалым Е.Қ.Жұбанов Маркс пен Энгельстің, А. М. Горькийдің, Ш. Уәлихановтың, М. Әуезовтің, Қ. Жұмалиевтің, Ә. Қ. Өмірәлиевтің, Е. Ысмайловтың, Қ. Жұбановтың, Ә.Қоңыратбаевтың, И. Сағитовтың, Р.

З. Қыдырбаеваның, С. Закировтың, А.А. Валитованың, Қ. Айымбетовтың, Х.Х. Ярмухамедовтың, С.С. Каташтың, И.И. Толстойдың, Г.В. Плехановтың, А.В. Луначарскийдің, П. Лафаргтың, Э. Тейлордың, Н.Н. Миклухо-Маклайдың, Ф.И. Буслаевтың, К. Варналистің, Ф.Х. Кессидидің, Т.В. Кокуринойдың, К. Бюхердің, М.М. Плисецкийдің, В.В. Маяковскийдің, В.В. Виноградовтың, В.Я. Евсеевтің, М.И. Косвеннің, В.Е. Гусевтің, Л.И. Тимофеевтің, В.Г. Белинскийдің, В. Я. Пропптың, В.И. Чичеровтың, Н.С. Смирнованың, М. М. Плисецкийдің, Л. Соболевтің, Г. Х. Богдановтың, А.Н. Самойловичтің, А.К. Боровковтың, Т. Беляевтың, В.М. Жирмунскийдің, В.В. Бартольдтың, А.М. Щербактың, Н.А. Баскаковтың, Б. Я. Владимирцевтің т.б. ғылыми еңбектеріне сілтеме бере отырып, өнер мен эпос арасындағы байланыс туралы келелі пікірлер жазған.

Е.Қ.Жұбанов алғашқы қауым өнер адамдарының өнері жайлы да ғылыми тұжырымдар жасап, оның ауыз әдебиетімен байланысы туралы пікірлер өрбітеді. Мысалы, айтыскер ақындардың бір-бірімен өлең сөзбен айтысы сахналық өнерге жататынын айтады.

Е.Қ.Жұбанов би өнеріне ден қоя отырып, бұл өнердің адамдардың күнделікті тіршілігіне байланыстытуғанын айтады. Бұл жерде П. Лафаргтың, Э. Тейлордың, Н.Н. Миклухо-Маклайдың, Ф.И. Буслаевтың еңбектеріне сүйеніп дәлелдейді: *"Алғашқы қауым адамдарының өнері жайлы деректер көп. Өнердің ең жабайы түрі боп табылатын би өнері әуел баста тікелей табиғатқа еліктеуден, табиғат көріністерін қайталаудан барып шыққан. Мысалы, әр алуан ру, тайпалардың*

аңшылық билері солардың өздері аулайтын аңының қимылына, жүріс-тұрысына сәйкес келеді екен. Яғни, Австралияның халқы билегенде, кенгурудың және эмудің (түйе құс) қимылына еліктейтін болған. Өйткені олар осы аңдарды аулаумен тіршілік еткен. Ал Камчатканың халқы билегенде аюдың қолапайсыз қимылына салып қимылдайды екен. Американың индеецтері буйвол аулауға шығар алдында үстеріне арнаулы костюм киіп, буйвол биін билеген. Міне, бұдан адамдардың табиғат көріністерін саналы түрде өнерге қатыстыру процесерін көреміз..." [8.29 б.].

Бидің қай халық болмасын өміріндегі өнер екені рас. Би ырғақты туындатады. Ырғақ белгілі бір әуенді пайда етеді. Міне, осындай компоненттердің байланысынан ән дүниеге келеді. Ән бар жерде би болатыны тағы да рас.

Е.Қ.Жұбанов "Алдар көсе мен шайтан" ертегісін, "Ақан серінің "Маң-маңкер" мен әнші Майраның әніне тоқталып, ырғақтың биге, бидің әуенге қатысын зерделейді.

Е.Қ.Жұбанов зерттеуінің **"Эпос тілінің ерекшеліктері" атты екінші тарауында** халық ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлардың тілдік ерекшеліктеріне тоқтайды: *"Эпос туындысы қанишалықты ескі болса, оның тіліндегі ерекшеліктер де соншалық мол. Әрине, бұл жағдай эпостың тілін елден ерек оқшаулап жібермейді, қайта оның әуел бастан халықтық, тарихи категория екенін аңғартады. Эпос халықтың рухани мәдениетінің мол көзді арнасы болғандықтан, оның тілі де өзін тұтынған халықтың өткендегі өмір жолын сәулелендіріп, ол жайындағы*

таптырмас деректерді бойына жия, сақтай отырады..." [9.92 б.].

Ғалым А. Т. Қайдаровтың, А. Н. Веселовскийдің, И. А. Осовецкийдің, А. П. Евгеньеваның, М. Балақаевтың, Е. Жанпейсовтың, М. Томановтың, А. М. Щербактың, В. В. Радловтың, Н. К. Дмитриевтің, А. Н. Кононовтың, В. М. Жирмунскийдің, Х. К. Жұбановтың, М. С. Михайловтың, В. В. Бартольдтың, С. К. Кеңесбаевтың т. б. ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, эпос тілінің ерекшеліктеріне, ауыз әдебиетінің қазақ мәдениетіне тигізген әсеріне кеңірек тоқталып, сөз етеді.

Е. Қ. Жұбанов зерттеуінің **"Фразеологизмдер мен қос сөздердің қолданыс ерекшеліктері" атты үшінші тарауында** С. К. Кеңесбаевтың, Б. Н. Телияның, Р. З. Қыдырбаеваның, С. И. Ожеговтың, Г. И. Рамстедттің, Қ. Қ. Жұбановтың, А. Н. Самойловичтің, Р. Ғ. Сыздықованың, Ж. Досқараевтың, Ғ. Мұсабаевтың, Ж. Болатовтың, М. Б. Балақаевтың, М. Серғалиевтің, Б. Мейлахтың, Ә. Жүгінісовтің, Ш. Дәрмағанбетовтың, А. Ысқақовтардың ғылыми еңбектерін оқып, талдай отырып, оларға сілтеме берген.

Е. Жұбанов "Қамбар батыр", "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" дастандарына ерекше тоқталады. Сөйтіп олардағы фразеологизмдерге тоқтап, зерделей қарап, өзіндік ой өрбітеді. "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" дастанының мәтінін Дербісәлин, Березин, Ильминский, Шөже, В. В. Радлов нұсқаларымен салыстырады.

Е. Жұбанов **"Эпостағы есімдер" деп аталатын төртінші тарауда** М. Әуезовтің, Н. А. Баскаковтың, Х. Х. Ярмухаметовтың, В. Я. Евсеевтің, В. М. Жирмунскийдің, Ә. Қоңыратбаевтың, И. Н. Березиннің,

А.А. Валитованың, Г.Н. Потаниннің, И.А. Батмановтың, Ә. Қоңыратбаевтың, Т. Жанұзақовтың, А.М. Щербактың, М. Қашғаридың, В.В. Бартольдтың, Т.М. Гариповтың, Ғ.Ғ. Мұсабаевтың, С.И. Ожеговтың, В.А. Гордлевскийдің, А. Пономаревтың, А.Н. Кононовтардың еңбектеріне сілтеме бере отырып, жақсылықтың, жамандықтың символы болып есептелетін эпостық жырлардағы есімдер туралы тұжырымдар жасаған. "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырындағы есімдер туралы, ол есімдердің жырдың айырым нұсқаларында өзгеріп айтылатыны, туысқан түркі халықтарында жырланатын кейбір нұсқаларында есімдердің орнында шал, жігіт, қыз деп айтылатыны, кей нұсқаларда Қарабайдың Қарахан болып айтылатыны жайлы қызықты тұжырымдарды өрбітеді. Әсіресе, Березин нұсқасындағы "мұндар құл", "шынамыр құл", "Бедірек құл" сияқты тіркестер туралы қызықты тұжырымдар жасаған: *"Жырдағы Қодар есіміне жанамалап болса да, қатысы бар нәрсе – оның тұрақты эпитеттері. Мысалы, эпостың тілінде Қодарды құл деп кемітумен бірге мұндар құл, шынамыр құл, бедірек құл деген тіркестер де қолданылады. Бұлардың ішінде мұндар сөзі – ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын тұлға болса, шынамыр – өте сирек ұшырасатын лексикалық элемент. Ал, бедірек сөзі – басқа эпостардың тілінде де бар:*

– Әке, сенің артыңнан,

Бес байталдық бедірек құл,

Аңлып жүрген дұшпан-ды. ("Алпамыс").

Қолданылуы жағынан бұл сөз әр уақыт осы "құл" сөзінің эпитеті болып келеді. Қазақтың ауызекі тілінде көсемшеленген "бедірею" тұлғасы бар. Оның

мағынасы – "беті бұлк етпеу, шімірікпеу, міз бақпау, мұзқаракөк болу" деген ұғымдарды білдіреді..." [10].

Е.Жұбанов одан әрі "Қобыланды батыр" жырының тілдік, тарихи немесе этнографиялық ығайдағы деректеріне тоқталады. Мұны ғылым тұрғысынан алғанда, антродонимдік, топонимдік, пиктографиялық деректер деп атайды.

Қысқасы, филология ғылымдарының білікті маманы Е.Қ.Жұбановтың біз сөз еткен зерттеу еңбегінің құндылығы сонда – сол бір кездері әдебиет тарихында қазақ эпосы жанрына жататын әдеби шығармалар тобының молынан бола тұра оған байланысты зерттеулердің сирек кезінде, нағыз дер кезінде десек те болады, өз оқырмандарының қолына жеткен іргелі зерттеу еңбек болғандығы дер едік. Ғалым еңбегі осы жанр шығармаларының тілін жан-жақты зерттеуге арналған. Оның үстіне, бүгінгі таңдағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» кезеңінде, өткендегілерді қайта қарап, жаңаша толғайтын, жаңаша топшылайтын зерттеу еңбек болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. І. Кеңесбаев, кітапта: Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы, – "Ғылым", 1978, 3-б.
2. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы. – "Ғылым", 1978, 7-б.
3. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы, – "Ғылым", 1978, 8-б.
4. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы. – "Ғылым", 1978, 10-б.
5. Қ. Жұбанов, "Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер",

Алматы, – 1966, - 319.

6. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы, – "Ғылым", 1978, 12-б.

7. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы, – "Ғылым", 1978, 17-б.

8. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы, – "Ғылым", 1978, 29-б.

9. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы, – "Ғылым", 1978, 92-б.

10. Е. Жұбанов, "Эпос тілінің өрнектері", Алматы – "Ғылым", 1978, - 159.



Атаулы мектеп тынысы

У. С. САДЫРҚҰЛОВА,
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары.

Н. О. МЕРГЕНБАЕВА,
Бастауыш сынып әдіс бірлестігі
жетекшісі.
Алматы қаласы

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ-БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ БАҒДАРЫ (бастауыш сыныптардың онкүндігі)

Қаңтар айында Алматы қаласы Жетісу ауданы №148 мектеп гимназиясында «Функционалдық сауаттылық-білім сапасын жетілдіру бағдары» тақырыбында бастауыш сыныптар онкүндігі өтті.

Бастауыш сынып онкүндігінің мақсаты:

Білімді интеграциялау оқу мен тәрбие үдерісін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, тәжірибе енгізу, насихаттау.

Міндеттер:

1. Қоғам талабына сай нәтижелі білім бере отырып – жас ұрпақты тәрбиелеу, педагог мамандардың біліктілігін арттыру, шығармашылық еңбегін қалыптастыру, тиісті әдістемелік көмектер ұйымдастыру.

2. Мамандардың кәсіби өсу динамикасын анықтау.

3. Әдістемелік-педагогикалық мәліметтер жүйесін құру.

4. Педагогтардың әдістемелік-танымдық мәдениетін жетілдіру.

5. Педагогтардың, сонымен қатар жас мамандардың шығармашылық ізденісіне, әдістемелік жұмыстың тиімділігі үшін қолайлы жағдай жасау.

6. Қазіргі педагогикалық технологияларды, озық педагогикалық тәжірибені қолдану.



Онкүндік барысында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру, материалды игеру және игерілген материалды қолдана білу дағдыларын қалыптастыру

мақсатында және өзара тәжірибе алмасу мақсатында математика, қазақ тілі, жаратылыстану, дүниетану, әдебиеттік оқу пәндерінен ашық сабақ үлгілері ұсынылды.

Садырқұлова Улмира, Батырова Гүлжахан, Игембердиева Гүлнар, Қасымбекова Айбаршын, Мергенбаева Назигульдің жетекшілігімен онкүндіктің ашылу мен жабылу мерекесі өте жақсы деңгейде өтті.

Мерекеді ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық



мерейтойына арнап мәнерлеп оқудан өткізілген байқауда жеңімпаз болған оқушылардың Абай өлеңдерін, қара сөздерін жатқа, нақышына келтіре айту өнерлері көпшілік назарына ұсынылды.

Әр баланың қайталанбайтын өзіндік әлемі бар,

әдеттері мен көзқарастары бар. Осы тұрғыда әр баланың өзіндік тұлғалық қабілеті ашылсын, зияткерлік ойлауы мен қиялы дамысын, кішкентай болса да жаңалық ашуға талпынсын, сауатты, тәрбиелі болсын деп танымдық ойындар, пәндік, шығармашылық байқаулар ұйымдастырылды.

«Біз ертегілер еліндеміз» тақырыбында Нарбаева Қарлығаштың басшылығымен 1-сыныптар ертеңгілік ұйымдастырды.



Мақсаты:

*Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту, ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету,

*мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту, ертегі арқылы бала бойында ізгі қасиет қалыптастыру.

Аталған іс-шараға қатысқан сынып жетекшілерінің, ата-аналар мен оқушылардың жауапкершілігі, белсенділігі жоғары болды.

Рухани жаңғыру ұлттық мәдениеттен бастау алады. Өнер адамдарымен «Театр – менің өмірім» тақырыбында Дүйсенбекова Қарлығаш, Нурсейтова Алия, Дүйсенбаева Айымның жетекшілігімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу кейіпкерлері – Мемлекеттік қуыршақ театрының әртістері. Бұл шара үлгі боларлық, оқушы бойында батылдық, өзіне деген сенімділік, еңбекқорлық сияқты дағдыларды қалыптастыруға септігі тиетіндей деңгейде өтті.

Таным мен тапқырлық сайысқа түсетін «Мен білемін» сайысы 3-сынып мұғалімдері Сасенова Перизат пен Жошыбаева Мархабаттың жетекшілігімен

ұйымдастырылды.

Дарынды оқушылардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға жағдай туғызу мақсатында

4-сынып оқушылары арасында **математика, қазақ тілі пәндерінен пәндік олимпиада** ұйымдастырылды.



Мектеп директоры Алиакбарова Фатима Маметқалиқызы онкүндік барысында олимпиада

жеңімпаздарын, **«Қазақ халқы – Абайдың халқы» тақырыбында өткен сурет байқауының, «Абай мұрасы – асыл қазына» тақырыбы аясында өткен шығарма жазу байқауының** жеңімпаздарын және ізгі шараларға белсене қатысқан жекелеген оқушыларды мадақтады.



Пәнаралық байланыс

С.И. ҚОНЫСБАЕВА,
доцент,
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ.
Ақтау қаласы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Резюме

В статье рассматриваются основные проблемы использования интерактивного метода обучения иностранному языку.

Интерактивті тәсілдер, оқытудың түрлері, шетел тілі, тілдік материалдар.

Оқытудың негізгі міндеті білім берудің құндылығын, оқытуды жоспарлау әрбір оқушыға тапсырма беру, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Білімді дайын күйінде оқытушы түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы әр түрлі жаттығулар жасауы тиіс. Осылай оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталады. Бұл әдістерді қолдану жеңіл емес, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Интерактивті әдістер оқытушының оқытуды қандай шеберлікпен ұйымдастырғанынан болады. «Интерактивті әдістер» білімалушылардың шет тілін оқуда өзара әрекет

етуіне жағдай жасайтын тәсілдер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінуге болады. Интерактивті әдістердің мәні – әрбір оқушының оқушымен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесіп отырып, компьютермен жұмыс жасап, оқу танымдық нәтижеге жетуі. Бұл әдістер барысында оқушыларды тұлға ретінде қалыптасуға бірден-бір әсер етеді. Оқытушы мен оқушы бірлесіп оқи отырып, субъект ретінде болады. Оқытушының рөлі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы, оқушылардың ынта ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуіне негізделген. Олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Шет тілі сабағының тартымды да түсінікті болуы оқытушының шеберлігі мен ізденімпаздығына байланысты. Жалпы интерактивті әдістер арқылы оқытудың басты мақсаты – білім алушылардың білімін жетілдіру үшін қолайлы орта орнату. Яғни, өзара қарым-қатынас арқылы өз пікірлерін ортаға салу, өзін еркін сезіну, басқалардың көзқарасымен санасу, сұрақ-жауап арқылы білімін бекіту, сонымен бірге тілдік қорын бекітуге мүмкіндік жасалады. Шет тілінде интерактивті оқыту әдістерінің жоғарыда айтылғандардан басқа да бірқатар жетістіктерін атап өтуге болады. Мәселен:

- информацияны терең меңгеруге мүмкіндік береді;
- тыңдау дағдысын қалыптастырады;
- қарым-қатынасқа түсуге, сол арқылы әлеуметтік тәжірибие жинақтауға мүмкіндік береді;

Шет тілі сабағын оқытуда жиі қолданатын пікір-талас, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, диалог құру т.б. әдістер жоғары белсенділікті дамыту әдістерінің қатарына жатады. Бұл әдістерді қолдану барысында үйретуші де, үйренуші де белсенді қарым-қатынасқа түседі. Қашықтық әдісі барлық студенттердің пікірі бірдей ескереді. Сонымен қатар олардың ойынша мұндай жағдайларда балаларға көбіне құнды ресурстарды, яғни топтарының идеяларын пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Қашықтықтан әдіс оқыту үдерісінде студенттерді бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

– Өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.

– Білімалушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылыққа баулиды.

– Топтағы білімалушылармен жасалатын жұмыс түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.

– Ойлауды белсендендіреді.

– Ынтымақтастық пен әрекет етуге үйретеді.

– Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда

кездесетін қиындықтар да жоқ емес.

Себебі әрбір оқушының ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп оқушының алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды. Шынайы қиындық:

– *берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда;*

– *жүріп жатқан әңгіме студентке қызық емес болса;*

– *әңгімені тыңдамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды.*

Ал психологиялық қиындық шынайы қиындыққа қарағанда жиірек кездеседі. Оқушы мұндай жағдайда көбінесе үнсіз қалады. Яғни:

– *оқушы өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралды таба алмағандықтан үндемейді.*

– *оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді.*

– *өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді.*

Мұндай жағдайда оқушыны сөйлету үшін оған қысым көрсетпей, оған сөйлеу үшін ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, оқушыны өз әрекетерін тыңдай білуге үйрету керек.

«Интерактивті әдістер» оқушылардың шет тілін оқуда өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын тәсілдер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп айта аламыз.

Оқушы оқушымен, топпен, ұжыммен, мұғаліммен қатынаста болуына жағдай тудыру. Сөйлесу сабағы

үстінде тапсырманың жеңілдігі күрделіге қарай бірнеше іс-әрекет формалары арқылы ауысып отырады. Мысалы: сабақтың басында сөздікпен жұмыс жүргізгенде жұптық, бекіту кезінде топтық форманы немесе жеке топтық жұмысты қолданамын. Топтарды ұйымдастыру кезінде оқушылардың өзара қарым-қатынасын ескеріп, олардың бір-бірімен білім алмасуын, жеке тұлғасын дамытуға ықпал жасауына көңіл бөлемін.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, сауатты жазуға үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тілін құрметтеуге, Отанды сүюге баулу.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс;

2. Сөздіктермен жұмыс;

3. Сөздік қорларын жетілдіру;

4. Тіл дамыту;

5. Ережемен жұмыс.

Қазіргі буынғы ағылшын тілі оқулықтарында оқушының еркін сөйлеуіне үйретуде, коммуникативті тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында қолдануына дағдыландыруда соңғы әдістемелер қолданылған. Оқыту тәсілдері әртүрлі, негізінен оқушы күнделікті тіршіліктегі ситуацияларда қолданылатын ағылшын тілін үйренуде. Оқу үдерісі

оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған. Әр сабақтың алдында «берілген тақырып туралы оқушы не біледі?» деген мақсатпен «сұрақ - жауап», «талқылау», «ой алмасу», сияқты тапсырмалар үнемі беріліп отырылады. Сөздікте және грамматикалық материалда басты көңіл бөлінетіні сөйлеу және оқу.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатын көздеген республика білім беру жүйесі қазіргі кезде көптеген реформалар жүргізуде. Осы реформаларға сәйкес республика мектептерінің оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып жатыр.

Әрбір тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың модульдік, деңгейлеп саралап оқыту, сын тұрғысынан оқу мен жазу, электрондық оқыту, жобалап оқыту оқушыларды дамыта отырып оқытуға негізделген технологиялардың негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғыдан қарау; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; оның өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеуі болып табылады. Негізінде ағылшын тілін оқыту үдерісі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған.

Тілдік материалдар қазіргі өмір шындығынан алынған және оқу үдерісінде әбден шыңдалып, өңделген тілдік материалдар. Сондықтан бұл материалдардан күнделікті тіршіліктегі жағдаяттарда қолданылатын ағылшын тілін үйренуге болады.

Басты көңіл бөлінетін нәрсе – сөйлеу және оқу. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін

жазуды үйренеді.

Сөйлеу мен оқу әрекеттері арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдалана білу үшін мынадай: ұжымдық жұмыс, жекелей жұмыс, жұптық жұмыс, топпен жұмыс оқыту тәсілдерін қолдануға болады.

Оқушының сөйлеу іскерлігін дамыту үшін мынандай: сұрақ-жауап талқысы, салыстыра отырып әңгімелесу, проблемалық сұрақтарды талдау, мәтін не әңгіме бойынша өз ойын ортаға салу, ой алмасу, шарт қою, диалог түрінде сөйлеудегі ойды көрсете білу, пайымдау, логикалық ой тұжырымын дамыта отырып сөйлеу, түйіндеу, дәлелдеу, жоспарлау арқылы сөйлеу, ситуацияға байланысты сөйлеу, ойындар арқылы сөйлеу, сұраққа жауап беру, қорытындылау, өз пікірін айту сияқты сөйлеудің түрлерін қолданамын; әрі бұлар менің сөйлеуді үйретудегі бағыттарым болады.

Оқу. Мәтін – негізгі қарым-қатынас құралы. Мәтінді оқымас бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, не білмейді, соны анықтау бір мақсат болса, екінші мақсат — өз білімі деңгейінде ойын айтқызып, мәтіндегі оқиға жайлы білуге ұмтылдыру, ынталандыру. Бұл жұмысты бүкіл топ болып немесе 3- 4 оқушы бірігіп және жұптасып талқылауға болады.

Мәтінді оқыған соң оқушы ұғымын тексеруге арналған «*True or False*» жаттығуын қолдануға болады, «*What is your opinion?*» «*What do you think about ...?*» сұрақтарын қою арқылы оқушылардың мәтіндегі мәселе бойынша өз ойын ортаға салып, пікірін айтуға, еркін

сөйлеуге үйретіледі. Оқушыны еркін сөйлеуге тәсілдіру үшін сөздерді қайталау, оларды еркін де дұрыс қолдана білуге үйрету, грамматикалық материалдарды, сөйлем құрылымын орынды қолдануға үйрету де басты назарда болу керек.

Бұдан басқа да мәтін оқығанға дейінгі, оқығаннан кейінгі әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып балалардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға болады.

Тыңдап – айту. Сөйлеуге тыңдап түсінусіз үйрену мүмкін емес. Қазір біз тілді меңгертуде шетел мамандарының сөйлеуімен жазылған ұнтаспаларды, видеофильмдерді қолданып, оқушылар үшін ағылшын тілінде жүретін телебағдарламаларды көруді ұсынамыз. Сонымен қатар, тағы да айта кететін жайт – ағылшын тілді мемлекеттерден келетін еріктілермен шет тілінде әңгіме-дүкен құру да оқушылардың тілін дамытуға үлкен әсерін тигізеді.

Тағы бір көңіл аударуға кететін жағдай интерактивті әдіс тәсілдің маңызды көрсеткіштері деп оның тәрбиелік жағын да айта кеткен жөн. Топпен жұмыс істеу білімалушылардың бірін-бірі тануына, тыңдау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуында да өз әсерін тигізеді.

Қорыта айтқанда, интерактивті тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға оқытылып отырған тілдің тәжірибеде қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту әдістері мен тәсілдерін

жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады. Интерактивтік әдістің дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, оқытушының рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, студенттердің білім алу белсенділігінің түрінде, оқу үрдісі мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде т.б. Интерактивтік әдіс – күрделі құрылымды тәсіл және біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр тәрбиеленуші өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал //– Алматы, 2012.
2. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал //– Алматы, 2013
3. Мектептегі шет тілі // Республикалық әдістемелік журнал //– Алматы, 2010. №1 (43) .
4. [http. Bilimdiler.kz/ustaz/agylshyn –tl-sabagynda](http://Bilimdiler.kz/ustaz/agylshyn-tl-sabagynda)

САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын зерделі зиялылары мен ойшылдарын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат, игі арманы.

Кезінде ұрпақ тәрбиесі, ел тағдыры жөнінде елеулі еңбектер жазып, аталық ақыл айтқан ғалым, профессор Б.Кенжебаев: *«Қазақта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» – деген дана сөз бар. Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыртатын ата-ана да қыран болуы керек»* – деп отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген. Себебі, отбасы – алтын бесік.

«Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» – деп немерелерін халық кәусарынан еркін сусындатқан Шоқанның әжесі Айғаным, Абайдың әжесі Зеренің тұлғалары еріксіз ойға із қалдырған абзал аналар кейінгі ұрпаққа жол көрсетер темірқазықтай, күн өткен сайын нұрын төгіп тұр.

Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үлгісін арыдан іздеуіміз керек. Себебі, өзінен кейінгі ұрпақты өзінен гөрі ақылды, жігерлі, қайырымды етіп тәрбиелеу – ата-бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе

жатқан арман-тілегі.

М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде *«Педагог, баланы міндетті түрде қандай ортада өсіп және қандай қызмет ететіндігін халық тәжірибесі мен дәстүріне сүйене отырып тәрбиелеу керек»* – деп жазады. Ол бала тәрбиелеуде туған тіл табиғатына үлкен көңіл бөлген. Қ.И.Сәтбаевтің пікірінше, жас буынның дүниетанымын қалыптастыру жан-жақты болуы керек.

Педагогтар өзінің шәкірттеріне нағыз өмірдің өзгерістерін ашық көрсетіп, шәкірттер өздерінің таланттары мен қабілеттерін ашатын жағдайлар туғызуға және талап етуі тиіс. Бұл жағдайда дарынды оқушыларға олар шын мәнінде өз таланттарын көрсетуі үшін ерекше көңіл бөлген дұрыс.

Тәрбиелеуді оқыту сияқты әдістемелік жағынан жақсы жарақталған шеберлікке айналдыру уақыты жетті.

Оқу орнының міндеті – мемлекет пен қоғам өмірінде, ғылым мен мәдениеттің түрлі салаларында белсенді әрекет ететін жоғары білімді, саналы адамдарды дайындау.

Қ.И.Сәтбаев жас ұрпаққа өмірлік азық болардай мол өсиет қалдырып, былай дейді:

1). Оқу үстіне оқу. Қажыр-қайратпен, ар-ұжданмен оқу. Жастық жігермен және білімге құштарлықпен мақсатты түрде патриоттық сезіммен оқу.

2). Оқу және білімді формалды түрде емес, нақты түрде меңгеру, бағаларды «жұта бермей», алған білімді «қорыта» пайдаланып, оған шығармашылық тұрғыда қатал талаппен қарау керек.

Халық өмірін, тарихын, рухани байлығын тек тіл

арқылы көріп, сезінуге болады. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын оқып-үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ұлтын сүйуге, ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Өз халқының табиғи мінезін бойына сіңіре алған ұрпақ ана тілінің қадір-қасиетін де ұғынбақ.

Елімізде өмір сүріп отырған басқа ұлт өкілдеріне осы асыл-маржандарымызды көрсетіп, танытып, сол арқылы олардың санасында қазақ халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіруіміз керек. Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – ұстаздардың алдында тұрған абыройлы міндеттердің бірі. Бүгінгі күні үштұғырлы тілдің аясында мемлекеттік тілдің маңызын төмендетпей, тарихтың рухани көшіне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау, көкірегінде ұлттық сана-сезімі бар азаматты тәрбиелеу – қазіргі уақыт талабы.

Тәрбие – тамырын тереңнен алатын тарихи үрдіс. Ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан мол қазынамыздың қадір-қасиетін жоғалтып алмас үшін, ұрпақ тәрбиесінде үнемі қарастырып, пайдаланып отыруымыз қажет.

Айналадағы қоғамдық өмірге, табиғат дүниесіне сезімталдық, танымдық көзқарасын қалыптастыру құралы – қазақ фольклоры, халықтың рухани байлығы, тарихи қазынасы.

Қазақ фольклоры – баланың қабылдауына жеңіл, күнделікті тұрмыс-тіршілігімен сабақтас, өмірдің өзінен туындаған көркем сөз өнері, әдемілік пен

әдептіліктің ұлттық өлшемі, халықтық тәрбиенің сарқылмайтын молқазынасы. Фольклордың қайтүрінде болмасын, халықтың өткен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, арман-тілегі, тіпті дүниетанымдық көзқарасы мен болашаққа деген сеніміне дейін бейнеленген. Сол үшін де оның келешек ұрпаққа берер тағылымы, педагогикалық маңызы зор. Ол өнерге деген сезімін оятады, құштарлығын арттырады, жақсылыққа тәрбиелейді, сұлулығымен, сазымен, керемет сөзімен сүйсіндіреді. Өзінің педагогтік тәжірибесінде мұғалім фольклордың табиғатындағы ұлағаттыққа, жән-жосықты білуге, өсиет-уағызға нануға, істің мәнісіне бойлай алуға тәрбиелейтін барлық қасиеттерін сабақ барысында толық пайдалана алса, онда ұлтқа тән ізгі қасиеттерді сіңіре алғаны. Алдында отырған оқушымен тіл табыса білу, оны фольклордың сан-салаларын игеруге үйретеді, баланың әдепті, көреген, көргенді, шешен, ділмар, тапқыр болуына да көмектеседі. Әсіресе, шешендік сөздер, хисса-жырлар, бабалардан қалған баталы сөздер, дана ойдан туған ұлағатты өсиеттердің бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы зор.

Ырымшыл халық бала тәрбиесіне көп көңіл бөле отырып, оның дүниеге келген күнінен бастап, әр жасаған қадамына, қылығына арнап той жасап, дастарқанын жайған. Ондағы ойы – баласының адал, адамгершілікті, мейірбанды, достарына сыйлы, бауырмал азамат болып өсуін көздеген.

Өзінің тәрбиелік мәнімен баланың санасына ізгілік сәулесін құятын бесік жырын тыңдап өскен ұрпақтың зерделі, парасатты, мейірімді, инабатты, өзінің көріктілігімен адам жанын баурайтын, эстетикалық талғамы жоғары

болатынын күнделікті өмірден, олармен болған қарым-қатынастан көріп те, біліп те жүрміз.

Халық әндері мен жырларында, білінбей өтіп бара жатқан дәуренді өкінішсіз өткізу, қамшының сабындай ғана қысқа өмірде бір-бірімен сыйласу, жарға адалдық, жан тазалығын сақтау сияқты байыпты ойлар әрбір жасқа ой салары сөзсіз. Олай болса, еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық тәрбие құралдарының тегін тектеп, болмысын танытуымыз керек.

Жалпы, адамның дүниеге келген күннен бастап өмірден кеткеніне дейінгі ғұмырының барлығы әнмен, өлеңмен өтеді. Ұлы Абай айтқандай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең...». Бұл халқымыздың «Тал бесіктен жер бесікке дейін» дегеніндей, адам баласының бар ғұмыры өлеңмен тығыз байланысты деген сөз. Ұлы ойшылдардан қалған ұлағатты сөз, жырау, ақындардан қалған ойлы сөз ұрпақтан ұрпаққа бала тәрбиесінде атқарар рөлі аса зор болып қала бермек. Әнді сүймейтін пенде жоқ десе де болады. Демек, бұл әннің, тағлымдық, тәрбиелік қасиеті мол деген сөз. Ән, жоқтау, сыңсу, қоштасу сияқты саз үлгілерінде ерекше орны бар туындылар – алдымен тәрбие құралы болып табылады. Себебі, ұстаз тек ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, осындай тәлімі мол мұра арқылы ұдайы өзін-өзі тәрбиелеп отырады. Тек осыдан кейін ғана өнегелі, ақыл-парасаты толысқан азамат «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегенді дәлелдеу арқылы, ұлы адамдардың қанатты сөздерінен рух алып, өмірлік ұстанымын анықтайды.

Қазақ – ау бастан ойшыл халық. Қазақ – айтар ойын ішіне бүгіп, «ішімдегіні тап» дейтін халық емес, «ойнап сөйлесе де, ойлап сөйлейтін» дана халық.

Қазақты басқа ұлттардан ерекшелендіріп тұратын да оның сөзге деген осыншалықты кірпияздығы. Демек, қазақтың ойшылдығы – тілінде.

Атам заманнан қазақ ойшылдарының сөз өнерін қадір тұтқанын, нәрлі ой, түйінді, тоқтамды уәждерге мойын ұсына «Өнер алды – қызыл тіл» деп, оны жоғары бағалағанын білеміз. Сөз қадірін білген, оған тоқтай білген бабаларымыз «Тіл – тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп бекер айтпаған.

Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Қазақ халқы шешендікті өнердің ең биік сатысы деп жоғары бағалады. Шешендік нақылдар мен толғаулар – ділмар ата-бабаларымыздың алтыннан соққан сөз сарайы, тіл маржаны, ақылдың дариясы, келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Мұның тәрбиелік мәні де осында, қара қылды қақ жарған шындықпен шешілетіндігінде.

Қазақтың қара өлеңінде, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларында, ертегі, аңыздарында, мақал-мәтел, жұмбақтарындағы шешендік үлгілердің тәрбиелік мәні ерекше. Балалар жастайынан жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың аражігін ұғып, қарт әке-шешелері мен бауырларының ғана емес, қара ормандай халқының, елінің қамын жеген ерлерге еліктеп өседі.

Қазақ халқының әдеп-ғұрыпında ақ тілек, ізгі ниет білдіру – ескі заманнан келе жатқан дәстүр. Ол өлең, тақпақ, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде қалыптасқан.

Бата – өмірдің пайдалы да тәрбиелі жақтарын алға тартып, күнделікті тіршілікте жаңсақ қадам, жаман әрекеттен сақтандыра отырып, адамдық іс-әрекет, асыл мінез-құлықта сәт-сапар, оң жол тілейтін өсиет сөз. Үлкендер бата бере отырып, жастарға ақыл-өнеге айтады, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге жетелейді.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының асыл қазынасы. Олардың көбі өмір шындығының қорытындысы, кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі, сенімді асыл мұрасы. Мақал-мәтелдер шағын, ықшамды болып келеді. Бұл жаттап алуға, ойда сақтауға өте жеңіл, әрі оңай. Оларды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, адамгершілікке тәрбиелейді.

Қазақтың мақал-мәтелдері, бата, тілектері, тыйым-ырымдары жеткінішек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулып, малды-басты, дәулетті, бақытты, кекиіл емес, кешірімді болуын тілейді. Елін, жерін қорғауға талапты жастүлек болып ержетуге талпындырады.

Тек, ғасырлар бойы әр түрлі қоғамның сынағынан өтіп, бүгінге жеткен бабаларымыздың асыл мұрасынан, ата салтымыздан, өнегелі өнерінен тамыр үзбей, ұлттық рухта тәрбиеленген *бала ғана елінің ертеңін ойлайтын, болашаққа сенімі зор, өмірге құлшынысы күшті азамат бола алады.*

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз. Сол себепті мектепте жас ұрпақты тәрбиелеуде атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі тәрбиеге көп көңіл бөлген жөн. Бала – бабалардан қалған соқпақтан шықпаса, адаспайтыны хақ.

Сондықтан, *ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осынау асыл мұрамызды бағалап, үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білейік, дәстүрлі тәрбие түрлерін, имандылық пен ұлттық сана-сезімді жастар арасында қайта жаңғыртып, бойларындағы қазақи қасиеттерді оятайық, дәстүр мәдениетін көркейтпін, дамыта берейік!*

З. ЖАҢБЫР,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Филология және көптілді білім беру институтының
2-курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі:
А.В.ТАҢЖАРЫҚОВА – ф.ғ.д.,
қауымд. профессор м.а.

МЕКТЕПТЕ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Шешендік өнерді меңгертуге арналған сабақ, шешендік сөз бойынша өтетін тақырыптар үстірт түсіндіріле салмай, олардың әрқайсысының оқушының тілін дамытуда, сөздік қорын байытуда, әдеби тіл нормаларына сай сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыруда тілдік сезімдер мен логикалық ойлау жүйесін жетілдіруде ерекше орын алатын амал тәсілдерін іздестіру қажет.

Бала бастауыш сыныпта сөз болу үшін ол белгілі бір ұғымды танытуы керек екендігін, ал оның тікелей лексикалық мағынаға келіп тірелетіндігін меңгереді. Сондай-ақ, сөз құрамындағы бір дыбыстың өзгеруінен мағынаның басқаша сипат алатынын да біліп, сөздің сыртқы пішінін тіл дыбыстары құрса, оның ішкі мазмұнын лексикалық мағынасы белгілейтіндігі жөнінде мәлімет алады. Оқушының ауызекі сөйлеу нормаларын сақтап, орфоэпия заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, ойын сауатты құрумен қатар әсерлі, әуезді жеткізу дағдылары да қалыптастырылады. Оқушы ойын сауатты құрумен қатар әсерлі, әуезді жеткізу дағдыларын қалыптастыруы қажет, ол үшін

әдебиет сабақтарында шешендік сөздерді меңгерткенде, олардың айтылуы мен жазылуы арасындағы ерекшеліктерді де қамти отыру керек, мағынасын жете түсіндіру қажет. Сондықтан да әдебиет сабақтарында шешендік сөздер маңызды рөл атқарады [1, 7].

Шешендік сөздерді жаңа технология арқылы оқыту

Бастауыш сыныпта әдебиет сабағында жаңа технологияны қолданудың өзіндік тиімді жақтары мол. Оқытудың дәстүрлі түрімен салыстырғанда, қол жеткізер нәтижелері де ауқымды.

Оқытудың дәстүрлі түрлері түсіндірмелі – иллюстративті, проблемалық оқыту, модульдік, бағдарламалап оқыту, оқыту элементтері қолданылатын әр алуан әдіс-тәсілдер (репродуктивтік әдіс, сұқбат, дөңгелек үстел, іскерлік ойындар) оқушылардың белсенді әрекеттеріне бағытталады. Шешендік сөздерді меңгертудегі негізгі мақсат: әдебиет пәні арқылы бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне сай таным мүмкіндігін, белсенді сөздік қорын қалыптастырып, сөйлеудің, оның ішінде шешендік сөйлеудің негізін игеріп, қарым-қатынас жасауда қолданып, әңгімелесуге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу және шығармашылық қабілетін дамыту.

Шешендік сөздерді меңгерту үшін мұғалімнің алдына мынадай міндеттер қойылады:

1. сөздік қорын молайту;
2. синоним, омоним, антоним сөздерді айыра білу,
3. мәтіннен бейнелі, теңеу сөздерді табу;
4. астарлы, тұспалдап айтылған сөздердің мағынасын түсіну;
5. шаршы топ алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

6. баланың көркем сөйлей білуіне көмектесу.

Шешендік сөздерді деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгерту

Әрбір педагогикалық технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдер мұғалімнің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қалыптасқан жағдайға сәйкес ең тиімдісі қолданылады. Оқушыларға жүйелі білім беру және алған білімі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру сияқты оқу үдерісінің негізгі мәселелері сабақ беру арқылы жүзеге асады. Сондықтан сабақ беру әдістеріне әрқашан да ерекше көңіл бөлініп, оны жетілдіру күн тәртібінен түспей келеді.

Әдебиет сабағында шешендік сөздерді меңгертуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі ретінде деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертуді айтуға болады [2, 8]. Шешендік өнерді үйретуде деңгейлік тапсырмалар қолдану арқылы жаңа сөзді, мағыналы да мәнді, әсерлі, яғни эмоционалды, экспрессивті сөздерді сапалы меңгертуге болады.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертудің негізгі ерекшеліктері:

Біріншіден, үнемі тілдік қатынастың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, әр оқушының жеке бас қасиетін, қабілетін ескеру белгісі. Сыныптағы оқушылар бір-бірінен өздерінің сөйлеу, ойлау қабілеті, қызығушылығы т.б. қасиеттері арқылы ажыратылады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту осы жеке қасиеттерінің барлығын ескере отырып, әр оқушының танымына, қабілетіне қызығушылығына сай ұйымдастырылады.

Үшіншіден, деңгейлік тапсырмалар арқылы шешендік сөздерді меңгертуде мәселелік түрі де

басты орын алады.

Төртіншіден, деңгейлік тапсырмалар арқылы шешендік сөздерді меңгерудің басты ерекшелігі – оқу үрдісінің үнемі өзгеріп отыруымен байланысты, яғни жаңашылдығы. Деңгейлік тапсырмаларда меңгеруге тиісті міндеттермен қоса, күрделі тапсырмаларда қамтылады, әрі оқушының қабілетіне қарай орындауға тапсырма беріледі.

Деңгейлік тапсырмалар – жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі.

Деңгейлік тапсырмалар оқушының ойлауын дамытып, дүниетанымын кеңейтеді. Жеке өзіндік көзқарасын қалыптастырып, ізденушілікке баулиды. Жалпы деңгейлік тапсырмаларды қолдану оқушының жеке қабілетін ашуға, өзіне деген сенімін арттыруға, әдебиет пәніне деген қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытудың тағзы бір ерекшелігіне тоқталар болсақ, деңгейге бөліп оқытуға бола ма? Оның тиімділігі неде? Өзіндік ерекшелігі қандай? Жеке тұлға тәрбиелеуге қандай көмегі бар? деген сұрақтарды туғызады.

Деңгейлік тапсырмаларды шешендік сөздерді, ұшқыр мағыналы ұғымдарды терең және жан-жақты меңгертуге қолдануға болады. Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі оқушы белгілі бір тақырып бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға қарағанда ізденушілік пен шығармашылық деңгейде орындалатын жұмыстардың мазмұны мен жүргізілу жолдары қиынырақ болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, әр деңгейде орындалатын тапсырмалар әр түрлі және түрлі талаптарға сай келеді.

Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, тапсырма мазмұны күрделене түседі.

В. Беспалько деңгейлерді төртке бөледі. Ол төмендегі схемада көрсетілді. **Негізі деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат** – сынып оқушыларын қабілетті, қабілетсіз деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту, сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады [3, 10].

I. оқушылық;

II. алгоритмдік;

III. эвристикалық;

IV. шығармашылық.

Білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеруде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Профессор Ф. Оразбаева мен Н. Шадиеваны деңгейлік тапсырмаларға төмендегідей сипаттама береді:

Оқушылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

– мұғалім түсіндірген білімді оқушы қайталап бере алатындай болуы керек;

– оқушыны жаңадан меңгерген білімін кез келген жағдайда қолдана алуға дағдыландыратын болуы қажет;

– жоғарыдағы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көмек бере алуы тиіс.

Бұл деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін де пайдаланады.

Алгоритмдік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

– өткен материалдармен өзара салыстыра

отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген болуы керек;

– сөйлемді дұрыс құрай алуға машықтандыратын болуы қажет;

– тапсырмада лексикалық тақырыптардың желісі үзілмей, өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отыруы тиіс;

– тапсырмада берілген ойды жалғастыратындай болуы керек.

Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

Ізденімділік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

– оқушыны іздендіре отырып, нәтижесінде өзіне жаңа білім алуын қамтамасыз ететін болуы керек;

– оқушыны қосымша әдебиетпен, түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізуге бағыттайтын болуы қажет;

– оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін тапсырмалар болуы қажет (сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ).

Бұл эвристикалық деңгейде мақсат анық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Мұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей – өнімді деңгей.

Шығармашылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

– белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейтін болуы керек (сурет салу, шығарма, фантастикалық әңгіме, ой толғау, өлең, әзіл өлең жазу);

– ғылыми көзқарасын қалыптастыруға баулитын болуы қажет (реферат, рецензия, баяндама, өз ойын, пікірін қосатын тапсырмалар, т.б.);

– тапсырманы мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация тугызып, баланың шығармашылық ойлауын дамытытын болуы тиіс.

Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес. Бұл деңгей баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды. **Бала тек мұғалімді тыңдаушы ғана емес, ол – зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Ал мұғалім – оқушы іс әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші.** Оқушының дағды іскерлігі белгілі бір мәселені, ситуацияны шешу арқылы қалыптасады. Әр деңгейде өзіндік талаптарына сәйкес тапсырмалар жүйесі жасалады.

Оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар олардың тек теориялық білімін тереңдетумен шектелмей, ойлау мәдениетін де жетілдіретіндей сипатта берілуі, **бір жағынан**, жас өспірімдердің тілдік құбылыстарды саналы түсінуіне негіз болса, **екінші жағынан**, білімге, білуге қызығуын арттырады. Бұл әсіресе ізденімділік деңгейдегі тапсырмаларды түрлендіру арқылы жүзеге асады [4, 106].

Мұғалімнің оқыту әдістерін таңдаған кезде оқушы ойын дамытуға, өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға ықпалы қандай екенін алдын-ала болжап анықтай алуы үлкен мәнге ие. Бұл технологияның бір ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ізденімділік деңгейдегі тапсырмалардың оқушының

сөз мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндігі мол, оны шеберлікпен пайдалана білу – сапалы білімнің негізгі көзі.

Ғалымдар әр баланың өзіндік қабілеті бар екендігін дәлелдеген әрі қабілет іс-әрекет арқылы дамып, жетіліп отырады. Шығармашылық қабілет – баланың өз бетінше ізденуі, мәселенің шешімін өзгеше шешуі, бұрын алған білімін пайдалана отырып, жаңа әдіс, жаңа жол таба білуі. Жеке бастың жан-жақты және үйлесімді аса маңызды көрсеткіші – оның жоғары дәрежеде ойлау қабілетінің болуы.

Ғалым В. Беспалько оқу материалдарын меңгертудің деңгейін отырып, шығармашылық деңгейде баланың дарындылығы, таланты, тапсырмаларды орындаудағы іздемпаздылығы танымдық, рухани интеллектуалдық шеберлікке ұштасатындығын айтады [5, 22]. Шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар баланың ой-шапшаңдығын, сөз байлығын дамытып, өз ойын қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландырып, тапқырлыққа баулиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қараев Ж. Мектепте оқытудың педагогикалық жүйесін жетілдірудің әдіснамалық негіздері // Бастауыш мектеп. 1996. - №7.
2. Шадиева Н. Лексиканы оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар жүйесі // Ізденіс журналы. 2002. - №1.
3. Шадиева Н. Оқыту процесінде жаңа технологияны қолдану // Ізденіс. 2003.
4. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 б.
5. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы. Бағдарламалар. Әдебиеттік оқу жалпы білім беретін орта мектептің 2-4-сыныптарына арналған. Алматы, 2013.

К.Т. КУАНЫШБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
Педагогикалық университетінің
2-курс магистранты.
Алматы қаласы

ЭССЕ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жазылым – төрт дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуде, тыңдауда ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра бетпе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы дәл осындай асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Алайда, бұл шапшаң оқушылардың жазылымды игеріп алды деген сөз емес. Ең басты нәрсе, оқушының осы дағдыны өмірде қолдана алуы, сол қажеттілікті мұғалімнің оқушы санасына жеткізе білуі.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы келеді. Бұны танымал адамдардың мынадай сөздері арқылы дәлелдеуге болады.

– Жазушының көп уақыты оқумен өтеді;
– Жазушы бір кітап жазу үшін кітапхананың жарты бөлігін аралайды;

– Көп оқитын адам ғана жақсы жаза алады.

(Самуэл Джонсон.)

– Жазу құмырашының балшығы секілді пайдаға асқанша бірнеше түзетулерден өтеді. **(Walsh.)**

– Жазу – біздің ойымызды тілге аударушы. **(Byren.)**

Мұғалім оқушыға жазуды үйретпес бұрын өзіне мына сұрақтарды қойғаны дұрыс деп ойлаймын:

– Оқушылардан не туралы жазуды сұрайсыз?

– Оқушыларға жазылым дағдысын қалай игертуге болады?

– Жазба жұмыстарын қалай түзетесіз?

– Жазуды үйретуде қандай қиындықтар кездесті?

Осы сұрақтарға жауап бергенде ғана жазылымдағы бағытын анықтай алады.

Оқушылар жазылым дағдысы бойынша мынадай жұмыстарды жаза алады:

– Шағын өлең жолдары;

– Шағын әңгіме;

– Ашықхат (құттықтау);

– E-mail хаттар;

– Диалогтер;

– Қойылым сценарийлері;

– Жарнамалар;

– Газет-журналдарға мақалалар;

– Пікірлер;

– Оқиганы аяқтау;

– Эссе.

Бұл жазба жұмыстарын 5 бағытта

топтастыруға болады:

– еркін жазу;

– әңгімелеу;

– сипатту;

– түсіндіру;

– дәлелдеу.

Көбінесе оқушылардың бойында жаза алмаймын деген қорқыныш болады. Осы қорқынышты жеңу үшін жазудың барлық адамның қолынан келетіндігін ұғындыра келе, сыныбы туралы жазуға, соңғы оқыған кітабы туралы, болмаса, атасы мен әжесінің өмірбаянын жазуды, не өзі құрметтейтін адамнан сұхбат алып, соны жазуға кеңес берген дұрыс. Жазба жұмысын бастамас бұрын әр мұғалім кейбір ұйымдастыру жұмыстарына баса назар аударуы керек. Мәселен, жазба жұмысында қарындашты пайдалану өте маңызды. Олай дейтініміз, қарындаш оқушының қателігін өзі түзетуіне мүмкіндік береді. Сабақ басында қарындаштарды жазуда сәттілік тілеп, сыйға тартсаңыз, шығармашылығын арттыруға тағы бір қадам жасар едіңіз. Жай ғана сыйға тартпай, «қарындаш маған гүлдің жұпар иісін, ағаштың самалын есіме салады. Сіздердің жазған жұмыстарыңыз да табиғаттың осы бір гажайыптарындай әдемі болады деп сенемін», – десеңіз тіптен әсерлі болары сөзсіз.

Сондай-ақ, әр оқушының жеке артықшылығын құрметтеу; барлық оқушыға сенім артумен бірге, реалистік тұрғыдан артықшылығын біліп, қателіктерін қабылдай білуге, ары қарай өсуге итермелеу; жеткен жетістікті ретін тауып атап өту; жазуды күнделікті дағдыға айналдыру – осының бәрі мұғалімнің көрегендігінде.

Жазылым дағдысы қарапайым стратегиялардан бастау алады. Олар:

- шимай жазу;
- сызбалар түсіру;
- сөздерді құрастыру;
- белгілеу;
- көшіру;

Тапсырмаларды осы бағытта құрған мұғалім еш қателеспейді.

Оқушының жұмысына жазбаша бағаны қалай беру керек?

Оқушы үшін сіздің жазған пікіріңіз маңызды. Ол дәптерін ашқан кезде, әуелі қателігін емес, соңында жазылған сіздің пікіріңізді оқиды. Пән мұғалімінің әдеттегі жазбалары мынадай:

- Жазуыңды түзе!
- Сауатсыз жазылған.
- Қателіктер өте көп.
- Барлық жерде «ң» әрпін тастап кеткенсің.

Салмақты ой айтылмаған. Мұндай пікір баланың жанын жаралайтыны сөзсіз. Бұдан соң оның жазба жұмысын жазуға деген ниеті де қалмайды. Ол бірден дәптерді жауып тастайды.

Оның орнына, мейлі жұмыс қателікке толы болсын, бір жақсы тұсын тауып алып, соған жақсы пікір білдіріп, оған ақылдасқандай кейін танытсаңыз, оқушының сізге деген реніші болмайды. Қайта ол сол қателіктерді түзеуге кіріседі.

Мәселен, «Марат, жазуың моншақтай тізіліп тұр, менімен сырыңды бөліскеніңе үлкен рахмет» – дей келіп, «қорытындыға тағы бір ойлар қоссаң қайтеді,

әлде керек емес пе, мүмкін салыстырмалы түрде тағы бір мысал алсаң қалай болар екен» деген сыңайлы пікірлер балаға қанат бітіреді. **Содан соң, жазба жұмысын қызыл қаламнан гөрі өзге түсті қаламмен тексерген жөн болар еді. Әлемдік тәжірибеде қызыл түс адамға кері әсерін тигізетінін айтады.**

Жазылым белсенді іс-әрекеттерсіз атқарылатын дағды болғандықтан, оған жаңа бір леп беріп, оқушы шығармашылығын арттыру үшін мұғалімге көмекке келетін жолдар бар. **Оның қатарына комикстерді алуымызға болады.**

Біріншіден, бала комикстердің айналасындағы сөз бұлттарын қызыға толтырады, екіншіден жалықтырмайды. Дайын комикстерді табу қиындық тудырады. Оны жеңілдетудің бір жолы суреттердің қасына өзіңіз сөз бұлттарын жасап, нақты тақырып беру.

Шетелдік әдебиеттерде жазылым жұмысын дайын, көркемделген параққа жазу жолға қойылғандығын байқаймыз. Атап айтқанда, «чизбургер, жауынқұрт» кестелері оқушыларға жазылым құрылымын жүйелі түрде жазуға жетелейді. Бұл кестелерде жазылымның кіріспесі негізгі бөлімдері және қорытындысы көрсетіліп тұрады.

Бұл парақтар арқылы мұғалім балаға әрі бағыт береді, әрі шабыт береді. Себебі, әрбір бөлігі жазба жұмысының кіріспесін, негізгі бөлімдерін, қорытындысын нұсқап тұрады.

Ал, түрлі тақырыптағы жазба жұмысына төменде көрсетілген парақтарды пайдаланған жөн. Оны тақырыпқа сай көркемдеу – мұғалім ениісінде.

Қазақ тілінде қыстырма сөздер көркем әдеби тіл нормасында қолданылмай келді. Алайда, эссе жазуда адамның пікірі жазылатындықтан, бұл сөздер ойды байланыстырушы болып келеді. Сондықтан, қыстырма сөзді орныммен қолдануды үйреткен жөн.

Сонымен бірге, сондай-ақ, нәтижесінде, атап айтқанда, соған қарамастан, нақтырақ, дәлірек айтсақ, оның орнына, қорытындылай келе, қысқаша айтқанда, соған қарамастан, меніңше, басқаша айтқанда, біріншіден...

Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетіндігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Соған дәлел ретінде газет-журнал мақалаларымен жұмысты алуға болады. Мысалы, «Негативтен-позитивке» тапсырмасы мақаланы қайта өңдеп жазуға көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келесіз. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырасыз. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады.

Осылайша, күн сайын сабаққа жаңа әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, белсенділігі аз жазылым сынды дағдыны да қызықты етіп өткізуге болады.

Колледж кеністігінде

А. Б. ХАЛЕЛОВА,
Қазақ тілі және әдебиеті
пәндерінің оқытушысы.
МЕББМ «Жоғары инженерлік-
технологиялық колледжі».
Орал қаласы

М.ШАХАНОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. “ҒАШЫҚТЫҚ ҒАЛАМАТЫ” БАЛЛАДАСЫ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

М.Шаханов халықтың маңдайына біткен біртуар перзент екенін және шығармаларының негізгі идеясын танып біледі.

Дамытушылық:

Шығармашылықпен жұмыс жасалып, белсенділігі артады.

Тәрбиелік:

Өлеңдерді мәнерлеп оқып, әндерін орындау арқылы тілді құрметтеп, елін сүйуге дағдыланады.

Сабақтың міндеттері:

Топпен жұмыс жасап, өзара пікір алмасады; біріккен іс-әрекет көрініп, ойлау мен жазу дағдысы қалыптасады; танымдық қызығушылықтары артып, шығармашылық қабілеттері ұшталады.

Сабақтың әдісі:

Топтастыру, ой қозғау, негізгі идеяны тану, эссе жазу.

Пәнаралық байланыс:

Ән-әуез, әдебиет теориясы.

Сабақтың көрнекілігі:

Ақын портреті, сызба, цитаталар, ақынның өлеңдер

жинағы, слайдтар, мультимедиа.

Бағалау:

Эссе, топ бойынша берілген әртүрлі тапсырмалар.

Оқуға ұсынылған шығармалар:

М.Шаханов «Махаббатты қорғау» кітабы,
«Ғашықтық ғаламаты» балладасы.

Өткізбеймін ешкімге зорлығымды,

Түсірмеймін ешкімге көлеңкемді.

Заманымнан алғанша үлесімді,

Тоқтатпаймын тағдырмен күресімді, – деген, бұл күнде азаматтығы мен поэзиясын әлем мойындаған Мұхтар Шаханов – ұлт тағдыры, тіл жанашыры болып, осындай бәйгеге басын тіккен. Ер ұлтжанды ақындардың бірі ғана емес, бірегейі.

Бүгінгі тақырыбымыз Қазақстанның халық ақыны, жазушысы «Түрік халықтары арасынан шыққан ең үздік әлем ақыны» атағының иегері Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналады.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Студенттерді 3 топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын тексеру (жобалау әдісі).

Топтық шығармашылық зерттеу.



Негізгі бөлім

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

Жоспар:

1. М. Шаханов өмірі мен шығармашылығы.
“Ғашықтық ғаламаты” балладасы жалпы мазмұны.

2. Естай ақынның “Құсни - Қорлан” әнінің тарихы.

3. М.Шахановтың “Ғашықтық ғаламаты” балладасының желісімен қойылым қою.

4. Постер қорғау

1. Ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, М.Шахановтың «Мені неге Мұхтар қойған?» өлеңін оқып беру.

2. Ақын туралы түсірілген бейнесюжетті оқушылар назарына ұсыну.

Ақын поэзиясының бастау алар қайнары – достық пен махаббат.

Бүгін біз М.Шахановтың «Ғашықтық ғаламаты» балладасының идеялық мазмұнынан өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен қазақ елінде қазақ топырағында кара сөздің қадірін түсінер кара орман халықтың пір тұтқан ақындары да болғанын тарих парақтарынан білеміз.

Суырып салма ақын шебер тілді шешеннің бүгінгі жалғасы Мұхтар Шаханов ағамыз.Өлең өлкеінде айырықша із қалдырған «ақынның» ғашықтық бір сюжетке құрылған, астарлы оймен терең талғаған тамаша туындысымен танысамыз.

Өлең қартаң әйелдің бауыр еті баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіруін баяндаудан басталады. Қыз да құрбы-құрдасының алды болып жұрт көзіне түскен сұлулығымен белгілі болса да, бір әттеңі – жас. Автор елу бір жыл ғашықтық азабын тартқан Естай ақынның махаббатқа адалдығымен,

достықты қадірлеген жан екенін айтады, бұған дәлел – осы уақыттар ішінде қолынан тастамай жүрген жүрген қыз берген жүзік. Бұған дәлел – кешегі – Қорлан әні.



«Қорлан» әні

Бір қыз бар Маралдыда Қорғалдайы
Табиғат берген екен күн мен айын
Мұратқа іздеген жан бері жеткен
Дарига арманым көп не қылайын

Қайырмасы:
Аху, арман
Күснж, Қорлан!
Екі-ай бағлан
Екеуі туған екен бір анадан

Бозбала қалма қалы бұл жалғаннан
Жігіттің арманы жоқ Қорланды алған

Өзіңдей боп жан түмас
Тура туар, арғылмас

Бар ғаламды шарықта
Уа, дарига, пәулік тас
Бағдат, Мысыр, Шығ, Машым
Іздесем Қорлан табылмас

Арқа мектебінің сал-серілік дәстүрінің сарқыты, соңғы өкілдерінің бірі – Естай Беркімбайұлы. Оның махаббат ән ұраны саналатын – Құсни-Қорлан әні.

Естай мен Қорлан есімдері алғашында қатар айтылады.

Құсни-Қорлан әнінің тарихына тоқтала кетсек, Арқаның Марал деген еліне Естай ақын құдалыққа барады. Естайдың жасы ол кезде жиырмаға енді толған шағы еді.

Марал жерінде Сұлтан байдың Құсни және Қорлан

есімді екі қызы бар екен. “Естай ақын келді” дегенде күллі ел, бозбала алтыбақанға жиналады.

Қорланды көріп еріксіз гашық болады. Қорлан болмаған жерде домбырасының құлақ күйі түспейтін, берекесі болмайтын жағдайға жетеді.

– “Екеуміздің арамыздағы тас қамал сол – елдің бір байы “Қорланды тоқалдыққа аламын” деп, қалың малын төлеп қойғандығы” – деп, ауыр күрсінеді Естай ақын. – Ал менде қалың малды бұзар дәулетте жоқ”. Кейін Жәміш жеңгесі арқылы Қорланды алып қашпаққа уағдаласқанда, гашықтар әрекеті жария болып, екі гашық мәңгіге айырылады.

Бірақ Естай ақын Қорланға деген гашықтығын өміріне серік етеді.

Гашық көңіл мәңгі жасыл айдын көл.

Гашықтықпен өткен күндер гана өмір,

Ал қалғаны жай күндер

Елу бір жыл гашық болдым Қорланға,

Елу бір жыл өмір сүрдім, ендеше – деп,

өлерінің алдында досы Нұрлыбекті шақыртып:

Қарттарға ескерт,

Қарсыласа көрмесін.

Қорланымның көзі болған жүзікті,

Өтінемін,

Өзім мен бір жерлесін! – деп, көз жұмады.

Кейін Қорланда қарттайған шағында бойжетіп қалған немересіне:

Естайдың әнін салдырып,

Жанарын шоқтай жандырып,

“Бақыттымын, бақыттымын”, – депті де, көз жұмыпты мәңгілік.

1. Топтық шығармашылық зерттеу.

I-топ:

I. М.Шаханов өскен ортасы, туған жері, шығармашылығы, қайраткерлігі.

II-топ:

I. М.Шаханов поэзиясы.

III-топ:

I. М.Шаханов – композитор.



2. Мұхтар Шахановтың «Ғашықтық ғаламаты» атты жыр желісімен мәтінді мәнерлеп оқу (Автор, ана, Естай, досы Нұрлыбек.)

IV. Жаңа сабақты бекіту.

1. Тапсырма (Топ оқушылары «Кубизм» стратегиясы бойынша сұрақтарға жауап береді.)





2. Тапсырма (Топ оқушылары берілген сұрақтар негізінде «дұрыс», «дұрыс емес» жауабын тауып белгілейді.)

Проблемалық полемика			
№	Сұрағы	Дұрыс	Дұрыс емес
1	1942-2 жылда Отырарда Қазақстан облысы Отырар ауданы, Шале ауылында дүниеге келеді	★	
2	1993-2003. ҚР ақын Қытай Республикасының Төтенше және елшісі елшісі		★
3	1984. Жазғылы қоғамдық тарихи ғылымның өкілі болады	★	
4	1988. Арал және Балқаш проблемалары аяқталғаннан кейінгі қоғамдық тарихи тарихи	★	
5	1996. Назарлы мерекесін қайтаруына ықпалын бөлді.		★
6	2001 жылдан «АХ» газетінің редакциясында жұмыс істейді	★	
7	«Ақпараттық қоғам», «Ақпарат және қоғам» сияқты рәсімдері қоғамдық және мәдениеттің өміріне	★	

3. Топтастыру әдісі.
– Мұхтар Шаханов кім?



4. Постер қорғау. (Оқушыларға Естайдың «Құсни-Қорлан» әнін тыңдату.)





5. Рефлексия. Кері байланыс (Оқушылар «түсінбедім», «онша түсінікті болмады», «түсіндім» шарттарына байланысты стикерден түстерді таңдап, өтілген сабақ бойынша пікірін жазып, жапсыру керек.)



IV. Бағалау. (Топ басшылары бағалау парағы бойынша топтағы оқушыларды бағалауы керек.)

V. Үйге тапсырма:

- * *М.Шаханов ақын өлеңдерін жаттау.*
- * *«М.Шаханов – ғасырдың ғаламат ақыны» эссе жазу.*




Қазақ тілі – озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.С. ШАРПЕКОВА,
Есілбай ЖОББМ
 директордың тәрбие ісі
 жөніндегі орынбасары.
 Павлодар облысы,
 Шарбақты ауданы

БЕЙНЕЛЕУІШ СӨЗ

Сабақтың мақсаты:	Бейнелеуіш сөздерді мысалдар арқылы түсіндіру, күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.
Күтілетін нәтиже:	– Өткен тақырыппен байланыстырады; – Оқушының жеке ой-пікірінің құндылығы артады; – Ақпараттарды қабылдайды, талқылайды, сабақта қолдана алады.
Сабақтың түрі:	Жаңа сабақ

Кезең	Уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Психологиялық ахуал	3 мин.	Сергіту сәтін жасайды. Мұғалімнен әр түрлі смайликтерді алып, екі топқа бөлінеді.	
Үй тапсырмасын тексеру	3 мин.	Б а қ ы л а й д ы . Өткен сабақта не өтілгенін, үйге қандай тапсырма бергенін сұрайды.	Үйге берілген 300-жаттығуды қатар отырған екі оқушы бір-бірінің дәптерін тексеріп, бағалайды.

<p>Өткен сабақтармен байланыс Жаңа тақырыпқа көшу. Білу. Түсіну.</p>	<p>10 мин. 2 мин.</p>	<p>Интербелсенді тақтадан «Бейнелеуіш» сөздерге байланысты бейнетаспалар мен суреттерді ұсынады.</p> <p>«БББ» әдісін ұсынады.</p> <p>БББ кестесі</p>  <p>«Топтастыру» әдісін ұсынады. Мадақтайды.</p>	<p>Тақырыпты анықтайды. «БББ» кестесін толтырады. Топта «Бейнелеуіш сөздер» тақырыбын талқылайды, жіктейді, сипаттайды, түсіндіреді, жалпылайды, мысалдар келтіреді, постерге түсіреді. Өз сөзімен баяндайды, қысқаша түсіндіреді.</p> <p>Екі топ бір-бірінің жұмыстарын «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалайды.</p>
<p>Қолдану</p>	<p>10 мин. 1 мин.</p>	<p>Тапсырма береді. Бақылайды.</p> <p>Интербелсенді тақтадан бейнелеуіш сөздерге байланысты жұмбақтарды жасырады.</p>	<p>302-жаттығу. Деңгейлік тапсырмалар беру. Бейнелеуіш сөздерді тауып, олардың мағынасын</p>

			<p><i>және қай сөзбен тіркесіп тұрғанын көрсетеді.</i></p> <p>Тапсырма: Жұмбақ шешу. Оқушылар жұмбақтың жауабын топпен ойлап, шешімін айтады.</p> <p><i>Қызыл бұжыр айдары бар, Қоқиланған айбары бар. Ауық-ауық азан салып, Өңеш керген айқайы бар.</i></p> <p>Қорбаң-қорбаң еткен, Өмірі орманда откен.</p> <p>Жылман-жылман етеді, Жылмандап сайдан өтеді. Із-міз тастап кетеді.</p> <p><i>Әуеде ақ мамық, Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады.</i></p> <p>Шүнтийп қос құлағы, Түнде көрер қырағы.</p> <p><i>Көк көйлекті жеңешем, Көлбең-көлбең етеді.</i></p> <p>Жалт-жұлт еткен, Жылуын жанға төккен.</p> <p><i>Кеудесі қайқандап, Жүреді байпандап.</i></p>
--	--	--	---

Жи- нақ- тау	10 мин.	Интербелсенді тақтадан «Сызба кесте, білім 5-те» атты кестені оқушыларға ұсынады.			О қ у ш ы л а р осы кестені орындарында отырып тез-тез толтырып, тақтадағы кестені де толтырады.		
		Р/с	Еліктеу	Еліктеуіш		Бейнелеуіш	
		1.	Тыпың тыпың	-			
		2.	Гүрс – гүрс				
		3.	Т о м п аң - томпаң				
		4.	бүрседеп				
		5.	Қ а ң ғ ы р - күңгір				
6.	Сылақ						
		Бақылайды, бағыт-бағдар береді.			Әр топ өздеріне берілген карточкамен жұмыс жасайды.		
		<p>Карточкамен жұмыс. Екі топқа екі түрлі карточкаларды таратып береді.</p> <p>1. Карточка. Төмендегі Абай өлендерінен алынған үзінділерден басқа сөз таптарын жасауға негіз болған еліктеу сөзді табындар. Оларға құрамы жағынан талдау жасандар.</p>					

			<p><i>Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең, Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.</i></p> <p><i>Тоты құс түсті көбелек, Жаз сайларда гулемек.</i></p> <p><i>Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді, Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.</i></p> <p><i>Мақтауға есіріп, Барыниша көсіліп. Ырғалып қарқ етті, Ірімиік жерге салп етті.</i></p> <p><i>Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады, Жеке батыр шыққандай қан майданға.</i></p> <p>2. Карточка. Төмендегі мәтін қай әңгімеден үзінді? Авторы кім? Әңгіменің қысқаша мазмұнын айтындар. Еліктеу сөзді тауып, морфологиялық талдау жасандар.</p> <p><i>... Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес, қара түнекте ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай ту сыртынан мұздай тер шығады.</i></p> <p><i>... Сүйменді қайта ұстады. Сыз қабырғаны дүңк-дүңк ұра бастады. Кенет тасқа тиіп шық ете түсті. Сосын жаңағы сүйменіне қатты тиген жерді бойлап қаза түсті. Әлгі күрт-күрт дыбыс жоғалды.</i></p>
--	--	--	--

Бағалау	2 мин.	Алдын-ала берілген бағалау парағы бойынша бағалауды ұсынады.	Топ басшысы алдын-ала берілген бағалау парағы бойынша бағалайды.
Рефлексия	5 мин.	Оқушыларды тыңдайды.	10 минут ішінде еліктеу сөздер бойынша эссе жазады.
Үйге тапсырма беру		Үй тапсырмасын береді.	Үйге 305, 306-жаттығу.



М.М. САХАРИЕВА,
«ЖББ М.П.Русаков атындағы
№2 мектеп-интернаты»
КММ.
Балқаш қаласы

БАЛА ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ


Осы сабақта жеткізілетін оқу мақсаттары	9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру; 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу;
Сабақтың мақсаты	1. Сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру; 2. Өз бетінше қарсылықты салалас құрмаластың қалай жасалып тұрғанын талдап, анықтау; 3. Қарсылықты салалас құрмаластың жасалу жолын біліп, оған сөйлем құрау.
Бағалау критерийі	– Сұрақтарға болжау арқылы жауап береді. – Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратады. – Қарсылықты салалас құрмалас

	сөйлем құрап, жасалу жолын түсіндіреді.
Т і л д і к мақсаттар	Қиянат, қабір, зар еңіреу.
Құндылықтарға баулу	Мейірімділік, жанашырлыққа баулу.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Өзін-өзі тану.
Алдыңғы білім	Бала құқығы туралы Конвенция, Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.
Сабақ барысы	

С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ғ ы ж о с п а р л а н ғ а н ж а т т ы ғ у т ү р л е р і	Ресурс
С а б а қ т ы ң басы	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал «Шаңырақ» /Шеңберге жиналады, әр оқушы бір сөзбен тілек айтып, ортаға бір қадам жасайды, оң қолдарын алдыға созады, шаңырақ жасайды./</p> <p>2.Алдыңғы білімді қайталау. «Бір қадам алға» әдісі арқылы</p>	

	<p>оқушыларға өткен тақырып бойынша сұрақтар қою.</p> <p>1. – 1989 жыл 20 қараша туралы не білесің?</p> <p>2. – Конвенция деген сөзді қалай түсінесің?</p> <p>3. – Бала құқығы туралы заң қашан күшіне енді?</p> <p>4. – Салалас құрмалас сөйлемнің өзіне тән белгілерін атаңдар.</p> <p>5. – Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің басқа түрлерінен айырмашылығы неде?</p> <p>Ой шақыру.«Бала құқығы» атты бейнеролик көрсету арқылы сабақ тақырыбын ашу.</p> <p>– Сен өз құқығыңды білесің бе?</p> <p>– Сенің құқығың үнемі сақталады деп ойлайсың ба? /пікірлер тыңдалады./</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады.</p> <p>«Бала құқықтарының қорғалуы» /қарсылықты салалас құрмалас сөйлем/.</p>	<p>сұрақтар</p> <p>https://yandex.kz/video/search</p>
--	--	--

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>ЖЖ. Тірек сөздер беріледі. «Есте сақта» жаттығуы орындалады.</p> <p><i>1.Қасым;</i> <i>2.жетім;</i> <i>3.кәрі әже;</i> <i>4.өлім;</i> <i>5.қайғыру;</i> <i>6.уайым;</i> <i>7.жанашыр;</i> <i>8.зар еңіреу;</i> <i>9.қатал тағдыр;</i> <i>10.қиянат;</i> <i>11.үміті үзілу;</i> <i>12.қашу.</i></p> <p>(Сөздерді есте сақтауға – 1 минут, жазуға – 1 минут беріледі. Жұппен алмастырып тексереді.)</p> <p>Дескриптор:</p> <p>– 1-7 сөзге дейін, орташа деңгей; – 8-10 сөзге дейін, жақсы деңгей; – 11-12 сөзге дейін, өте жақсы деңгей.</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі</p>	<p>Слайд, тірек сөздер</p> <p>Оқулық: Қазақ тілі, 9-сынып Арман ПВ б а с п а с ы , 2 0 1 9 ж . Авторлары:</p>
-------------------------------	--	--

	<p>(Оқушылар қойылған сұрақтарға болжау арқылы жауап береді.)</p> <p>– Мәтін не жайында болуы мүмкін? – Негізгі оқиғаларды болжаңдар. – Кәрі әжесі өлгеннен кейін не болуы мүмкін? – Мәтін немен, қалай аяқталады деп ойлайсың?</p> <p>Тыңдалым кезеңі.</p> <p>Оқушыларды санау арқылы топқа бөлу.</p> <p>М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесін мұғалімнің оқуында тыңдау.</p> <p>ТЖ. Постер қорғау.</p> <p>«Балық қаңқасы» әдісі арқылы бала Қасымның құқығының тапталу себептерін анықтау.</p>	
		

	<p>ҚБ. «Топтық кері байланыс» *Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолын түсіндіру:</p> <p>1. Жалғаулықсыз. 2. Жалғаулықты (бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сонда да, әйткенмен, сөйткенмен, сөйтсе де, десе де.)</p> <p>ЖЖ. 1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, жалғаулықты және жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлемге мысал келтіріңдер.</p> <table border="1" data-bbox="303 793 676 990"> <tr> <td>Жалғаулықты қарсылықты салалас</td> <td>Жалғаулықсыз қарсылықты салалас</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Мұғалім: ауызша кері байланыс. 2-тапсырма. ТЖ. «Аяқталмаған сөйлем» әдісімен сөйлемдерді толықтыр. І топ. 1. Қап-қараңғы түн болды, ... </p>	Жалғаулықты қарсылықты салалас	Жалғаулықсыз қарсылықты салалас			Слайд № кесте
Жалғаулықты қарсылықты салалас	Жалғаулықсыз қарсылықты салалас					

	<p>2. Әке-шешесінің басына мал сойып апарып, құран оқытпақшы болды. 3. Қасымның сырт пішіні момын сияқтанады. II топ. 1....., әйтсе де Қасым тау ішінде келе жатыр. 2....., алайда Иса мен Қадиша ұрсып, қабыл алмай, малды сойғызбай қойған. 3., бірақ ішіне ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге, ешкімге жуымайтын жатбауырлық нығайып орнай бастады. Дескриптор: – Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратады. – Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құрап, жасалу жолын түсіндіреді.</p>						
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Рефлексия «Плюс, минус, қызықты»</p> <table border="1" data-bbox="1225 884 1705 1118"> <tr> <td>плюс</td> <td>минус</td> <td>қызықты</td> </tr> <tr> <td>С а б а қ т а б а р л ы ғ ы ұнады: сабақ м а з м ұ н ы , жұмыс түрлері</td> <td>Ұнамады, түсініксіз б о л ы п қалды.</td> <td>Б а р л ы қ деректер м е н ә д і с т е р қызықты.</td> </tr> </table> <p>Үй тапсырмасы: Ойтолғау жазу «Менің құқығымның қорғалуы».</p>	плюс	минус	қызықты	С а б а қ т а б а р л ы ғ ы ұнады: сабақ м а з м ұ н ы , жұмыс түрлері	Ұнамады, түсініксіз б о л ы п қалды.	Б а р л ы қ деректер м е н ә д і с т е р қызықты.
плюс	минус	қызықты					
С а б а қ т а б а р л ы ғ ы ұнады: сабақ м а з м ұ н ы , жұмыс түрлері	Ұнамады, түсініксіз б о л ы п қалды.	Б а р л ы қ деректер м е н ә д і с т е р қызықты.					

Ж. А. САҒЫНОВА,
«Бейнеу аудандық әкімдігінің
Ж. Қалдығараев атындағы орта
мектебі» КММ-нің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы

АСТАНА – ТАРИХИ МЕКЕН

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>6.Т/А5. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру.</p> <p>6.Ж5. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін құрастыру.</p>
С а б а қ мақсаттары	<p>Барлық оқушы орындай алады: «Астана – тарихи мекен» мәтінінің мазмұны бойынша жалпы сұрақтарға жауап беріп, негізгі ойды анықтай алады.</p>
	<p>Оқушының көпшілігі орындай алады: мәтін мазмұны бойынша нақты сұрақтарға жауап беріп, негізгі тірек сөздерді іріктей алады.</p>
	<p>Кейбір оқушылар орындай алады: мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырып,</p>

	Астана туралы жинақы мәтін құрастыра алады.
Б а ғ а л а у критерийлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді; 2. Мәтін мазмұны бойынша негізгі ойды анықтай алады. 3. Мәтін мазмұны бойынша негізгі тірек сөздерді іріктей алады; 4. Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады; 5. Жинақы мәтін құрастыра алады.
Т і л д і к мақсат	<p>Оқушылар: мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыра алады, ақпаратты іріктеп, жинақы мәтін құрастырады.</p>
	<p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</p> <p><i>Ақмола қаласы, көне қала, Қызылорда қаласы, Орынбор қаласы, Алматы қаласы, тарихи мекен, т.б.</i></p> <p>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>қасиетті мекен, жаңа Астана, Ұлы Жібек жолы, мәдениет, өнер.</i></p>

	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <p>– <i>«Қасиетті өлке», «киелі мекен» деген ұғымдарды қалай түсінесің?</i></p> <p>– <i>Не себепті... деп ойлайсыз?</i></p> <p>– <i>Неліктен «Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі» деп ойлайсың?</i></p> <p>Ишара: бас изеу (мақұлдау).</p>
Пән аралық байланыс	«Қазақстан тарихы», «География» пәндері.
Құндылықтарға баулу	<i>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» тұғыры тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы арқылы білім алушыларды ұлттық құндылықтарға құрметке, өзара ынтымақтастыққа, қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.</i>
Алдыңғы оқу	Білім алушылардың Қазақстанның бұрынғы астаналары – Орынбор, Қызылорда, Алматы қалалары туралы мағлұматы бар.
АКТ - мен байланыс	Астана қаласы туралы фототаныстырылым, ғаламтор материалдары.

ЖОСПАР		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы 8 минут	<p>1. Білім алушылармен «Шаттық шеңберін» өткізу арқылы психологиялық ахуал орнату.</p> <p>Топқа бөлу қала атаулары жазылған кима қағаздармен жүргізіледі (Орынбор, Қызылорда, Алматы).</p> <p>2. Үй тапсырмасы - «Қарлы кесек» әдісі.</p> <p>3. Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл» әдісі бойынша білім алушыларға қала суреттері беріледі, олар суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады. «<i>Бұл қай қалалар? Не себепті бұл қалалар бейнеленген?</i>» сұрақтарына жауап алынады. Суреттерді өзара байланыстыру, ойларын жинақтау.</p>	



Тыңдалым мәтіні:

Астана – тарихи мекен Қазақтың әрбір ауыл-қаласының өзіндік тарихы бар. Ал астаналар тарихы өз алдына бөлек әңгіме. Бұрынғы заманда көрші елді мойындататын таңбасы, елдігінің айғағы – ол мемлекетті бір ортаға біріктіре алар киелі мекен – астанасының болуымен ерекшеленді. Қазіргі таңда да ел астанасы маңызды орында. Қазақстан астаналары Орынбор, Қызылорда, Алматы болды. Қазақ қазақ болып өз егемендігіне жеткелі бері баршамыздың көз қуанышымыз болып, Есіл өзенінің бойынан тұңғыш астанамыз Астана қаласы ірге көтерді.

1920 жылдың 26 тамызында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру туралы Декреті шықты. Орталығы Орынбор қаласы болып белгіленді. Бірақ та 1925 жылы Қазақстан астанасы Сырдария өзенінің бойында орналасқан Қызылорда қаласына көшірілген. Алматы қаласы 1929 жылы астана қызметін атқара бастады. Осы кезден бері ауқымды құрылыстар жүргізіле бастайды. Қазіргі күнге дейін де Алматы қаласы Қазақстандағы ірі қалалардың бірі және елдің мәдени орталығы болып табылады. Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана

*Қ и м а
қ а г а з д а р
Фототаныс-
тырылым
http://e-
history.kz/kz/
publications/
view/998
Аудиомәтін
Әрінова Б.А.,
Раева Г.М.,
Каримова
Г. С. .,
Жүмекенова
Л. К. .
б-сыныңқа
арналған
«Қазақ тілі»
оқулығы
(жоба).
Алматы:
Атамұра,
2018. (232
бет.) 72-бет*

болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті.

1-тапсырма. ТЖ. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтар қою және оларға жауап алу:

1). – Қазақстанның бұрынғы астаналары туралы не білесің?

2). – «Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі» деп неліктен айтылған?

3). – «Қасиетті өлке», «киелі мекен» деген ұғымдарды қалай түсінесің?

Бағалау критерийі	Дескриптор
Сұрақ мағыналарын түсінеді, жауап береді.	Сұрақ мағыналарын толық түсінеді, нақты жауап бере алады.
Астананың ежелгі қазақ жерінің төрі екендігін түсіндіреді.	Астананың ежелгі қазақ жерінің төрі екендігін дәлелді түсіндіре алады.
«Қасиетті өлке», «киелі мекен» деген ұғымдардың мағыналарын түсіндіреді.	«Қасиетті өлке», «киелі мекен» деген ұғымдардың мағыналарын түсіндіріп, пікірлерін білдіреді.

Қалыптастырушы бағалау
Астананың сәулет нысандары арқылы жүргізіледі («Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы, «Ханишатыр» – орташа).



Өте жақсы



Жақсы



Орташа

Сабак ортасы
3 минут


2-тапсырма. ТЖ. әдісі.
«Сәйкестендіру»
Астана тарихына қатысты мәліметтерді оқып, дұрыс жауабымен сәйкестендіру.

1920-1925 жылдары Қазақстанның астанасы болған қала.	Астана
925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы болған қала.	Ақмола
Ақмола бекінісінің құрылысы салынған жер.	Ұлы Жібек жолы

5 минут	Ақмола арқылы өткен жер.	Қараөткел	6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы (жоба). 73-бет
	1992 жылдан 1998 жылға дейінгі Астананың ескі атауы.	Қызылорда	
	Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан.	Орынбор	
2 минут	Бағалау критерийі	Дескриптор	
	Астана тарихына қатысты мәліметтерді оқиды.	Астана тарихына қатысты мәліметтерді оқи алады.	
	Мәліметтерді дұрыс жауап-пен сәйкестендіреді.	Мәліметтерді дұрыс жауап-пен дәл сәйкестендіре алады.	
	<p>ҚБ. «Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы, «Ханшатыр» – орташа.</p> <p>3-тапсырма. ЖЖ. Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді іріктеп оқу, оларға түсініктеме беру, пікір білдіру. Қарамен берілген сөздер: Астана, көне қалалардың бірі, Ақмола бекінісінің құрылысы, Ақмола, қала арқылы Ұлы</p>		

	<p>Жібек жолы өткен, қала аты «Ақ мол» деген сөзден «Ақмола» деп аталып кеткен, осы жер, 1961 жыл, «Целиноград», 1992 жыл, 1998 жыл, «Ақмола» деп аталды, Қазақстанның астанасына айналған, Астана қаласы.</p>		
	Бағалау критерийі	Дескриптор	
	Қарамен жазылған сөздерді іріктеп оқиды.	Қарамен жазылған сөздерді іріктеп оқи алады, мағынасын түсінеді.	
	Қарамен жазылған сөздерге түсініктеме береді.	Қарамен жазылған сөздерге түсініктеме бере алады.	
	Қарамен жазылған сөздерге өз пікірін білдіреді.	Қарамен жазылған сөздерге өз пікірін еркін білдіреді.	
	<p>ҚБ. «Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы, «Ханшатыр» – орташа.</p> <p>4-тапсырма. Ж. Мәтін сөйлемдеріндегі орфографиялық қателерді тауып, тыныс белгілерін дұрыс қою.</p>		

2 мин.	<p>Есіл өңірінде (Астананың қасында) «Қарабай дарасы» деген жер бар. Аңыз бойынша, бұл жерде Қарабай байдың қызы Баян сұлу дүниеге келген. Бірде сексен жасқа келгенше перзент сүймеген байлар ұл мен қыз көретін болса, құйрық-бауыр жесіскен құда болуға уәделеседі. Содан Сарыбай – ұлды, Қарабай – қызды болады. Сарыбай ұлын Қозы Көрпеш деп, Қарабай қызын Баян деп атайды.</p> <p align="center">(«Аңыздар мен хикаялар»)</p>	<p>6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы (жоба). 75-бет</p>				
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="205 536 411 604">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="411 536 715 604">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="205 604 411 831">Сөйлемдердегі жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.</td> <td data-bbox="411 604 715 831">Жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="205 831 411 1013">Мәтіндегі тыныс белгілердің түрлері мен қызметін ажыратып, дұрыс қолданады.</td> <td data-bbox="411 831 715 1013">Мәтіндегі тыныс белгілердің түрлері мен қызметін ажыратып, дұрыс қолдана алады.</td> </tr> </tbody> </table> <p>ҚБ. «Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы, «Ханишатыр» – орташа.</p> <p>Сергіту сәті. «Үшты, ұшты» ойыны. 5-тапсырма. Ж. Мәтіннің негізгі ақпараттарын шынайы өмірмен байланыстырып, өз сөздерімен жинақы мәтін жазу (10 сөйлем).</p>		Бағалау критерийі	Дескриптор	Сөйлемдердегі жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.	Жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Сөйлемдердегі жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.	Жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.					
Мәтіндегі тыныс белгілердің түрлері мен қызметін ажыратып, дұрыс қолданады.	Мәтіндегі тыныс белгілердің түрлері мен қызметін ажыратып, дұрыс қолдана алады.					

<p>Сабақ соңы 8 минут</p> <p>4 минут</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1234 105 1470 189">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="1470 105 1715 189">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1234 189 1470 317">Мәтіндегі негізгі ақпаратты шынайы өмірмен байла-ныстырады.</td> <td data-bbox="1470 189 1715 317">Мәтіндегі негізгі ақпаратты шынайы өмірмен дәлелді байланыстыра алады.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1234 317 1470 461">Мәтіндегі іріктелген ақпараттар негізінде өз сөзімен жазады.</td> <td data-bbox="1470 317 1715 461">Іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жинақы жаза алады.</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Мәтіндегі негізгі ақпаратты шынайы өмірмен байла-ныстырады.	Мәтіндегі негізгі ақпаратты шынайы өмірмен дәлелді байланыстыра алады.	Мәтіндегі іріктелген ақпараттар негізінде өз сөзімен жазады.	Іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жинақы жаза алады.	
	Бағалау критерийі	Дескриптор						
Мәтіндегі негізгі ақпаратты шынайы өмірмен байла-ныстырады.	Мәтіндегі негізгі ақпаратты шынайы өмірмен дәлелді байланыстыра алады.							
Мәтіндегі іріктелген ақпараттар негізінде өз сөзімен жазады.	Іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жинақы жаза алады.							
<p>ҚБ. «Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы, «Ханишатыр» – орташа.</p> <p>6-тапсырма. Ж. «Бір сөйлеммен түйінде» әдісі. Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазу арқылы сабақты қорытындылау.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="1234 733 1470 801">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="1470 733 1715 801">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1234 801 1470 914">Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.</td> <td data-bbox="1470 801 1715 914">Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.</td> </tr> </tbody> </table> <p>ҚБ. «Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы, «Ханишатыр» – орташа.</p> <p>«Кері байланыс бутерброды»</p> <p> Маған ұнады..... Себебі, Енді, келесі жолы...</p> <p>3 минут</p>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.	Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.				
Бағалау критерийі	Дескриптор							
Тақырыпты түйіндейтін бір сөйлем жазады.	Тақырыпты түйіндейтін нақты бір сөйлем жаза алады.							

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға танып-жананып жүргендеріңізді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылықтармен байланыс.
<p>Білім алушыларға танып-жананып орындау кезінде ұсыныстар беру арқылы қолдау көрсетіледі. Қабілеті жоғары білім алушыларға шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар беру арқылы топта көшбасшылық жасап, өз сыныптас-тарына үйрету міндеттеледі.</p>	<p>Қалыптас-тырушы бағалау арқылы білім алушылардың оқу мақсатына қаншалықты жеткенін анықталады. Сондықтан берілген критерийлерді, нақтылы дескрипторлардың бағалау ала отырып, білім алушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалайды. Қалыптас-тырушы бағалау Астананың сәулелет-ті сандары арқылы («Бәйтерек» – өте жақсы, «Думан» – жақсы,</p>	<p>Пәнаралық байланыс- «Қазақстан тарихы», «География» пәндері. «Мәңгілік Ел» жалпы-ұлттық идеясының тұлғаның тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтас-тығы арқылы білім алушылардың құндылық-тарға құрметке, өзара ынтымақ-тастыққа,</p>

«Ханишатыр» – орташа.), ауызыша мадақтау сөздерімен жүргізіледі.	қазақстандық патриотизмге, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.
--	---

<p>Рефлексия Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Оқу мақсаттарына негізделген сабақ мақсаттары шынайы жасақталады. Білім алушылар Қазақстанның бұрынғы астаналары туралы мәлімет ала отырып, жаңа Астананың тарихы туралы толық біледі. Жоспарланған саралау тапсырмалары тиімді болады, өйткені білім алушылардың мүмкіндіктері, қажеттіліктері ескеріледі. Сыныпта білім алушылар оқу үрдісіне белсенді қатысып, үйлесімді, жақсы ахуал тудыра алады. Берілген уақыт ішінде тапсырмалар орындалып үлгеретіндіктен жоспарға түзетулер енгізілмейді.</p>
--	--

<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. Мәтін мазмұны бойынша берілген мәліметтерді дұрыс жауабымен сәйкестендіру нәтижелі болады. 2. Мәтін мазмұны бойынша іріктеп оқу, шынайы өмірмен байланыстыра, жинақы мәтін құрастыру табысты өтеді. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? Жаңа сабақты бүгінгі шынайы өмірмен байланыстыруда таныстырылым жасақтату. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген білім алушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? Топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыруда саралау тапсырмаларының нақтылығына назар аудару қажеттілігін білдім.</p>
--

Қ.Ә.ШӘРІП,
«Жаңа Ғасыр» №175 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Алматы қаласы,
Әуезов ауданы

НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ “КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ” ПОЭМАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау;
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушы Шығарма идеясына сәйкес кейіпкерлерді топтай алады; Көптеген оқушы Жырдан дәлел келтіре отырып, кейіпкерге мінездеме береді; Кейбір оқушы Кейіпкерлер жүйесін анықтай отырып, образға талдау жасайды, өз көзқарасын дәлелдеп, тұжырымдайды.
Бағалау критерийі	* Шығармадан дәлел ұсынады. * Адамгершілік қасиеттерін жазады. * Кейіпкерлерге өзіндік баға береді.

Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминалогия: тарихи жыр, автор көзқарасы, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкер бейнесі.
Құндылық-тарға баулу	* Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; * Ынтымақтастық; * Өмір бойы білім алу.
Алдыңғы сабақта	«Кенесары – Наурызбай» поэмасының сюжеттік-композициясы.
Жоспар	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Дерек көздері
Басы 8 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу, оқушыларды түгендеу. Топқа бөлу Оқушылар Кенесары, Наурызбай, Рүстем, Сыпатай, Ағыбай, Бұқарбай сөздерін суыру арқылы 3 топқа бөлінеді. 1-топ – <i>Кенесары мен Наурызбай.</i> 2-топ – <i>Рүстем мен Сыпатай.</i>	

	<p>3-топ – <i>Ағыбай мен Бұқарбай.</i> «Цифрлы сұрақ» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Интерактивті тақтада бірден алтыға дейін сандар көрсетіледі. Әр санға сәйкес алты сұрақ жасырылған. Аталған оқушылар бір санды таңдайды және көрсетілген сұраққа жауап береді.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Тарихи жырлардың ерекшеліктерін есептесеңіз.</i> 2. <i>«Кенесары - Наурызбай» жырларының тарихи жыр екенін дәлелдеңіз.</i> 3. <i>Жырда қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтар қандай мысалдарда көрініс тапқан?</i> 4. <i>Автор – өмір шындығын көркем шындыққа айналдырды, себебі ...</i> 5. <i>«Басы қарадай батыр жоқ, Нысанбайдай</i> 	Слайд
--	---	-------

	<p><i>ақын жоқ» деген пікірдің авторы?</i></p> <p>6. <i>Нысанбай жырау шығармашылығын зерттеушілер кімдер?</i> Мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі. Қызығушылықты ояту Өткен сабаққа сілтеме жасай отырып: <i>ақынның «Кенесары – Наурызбай» поэмасынан бір кейіпкердің өзің білетін бір ерекшелігін мысалға келтір.</i> Рефлексия: – <i>Таңдау қиын болды ма?</i> <i>Несімен?</i> <i>Жеңіл болса, қалайша?</i> <i>Дәлел айтыңыз.</i> Оқу мақсаты таныстырылады.</p>	
Ортасы	<p>1-тапсырма. «Не? Қайда? Қашан?» әдісі. Топтық жұмыс. <i>Жырдан дәлел келтіре</i></p>	

<p>Дайындалу 5 мин.</p>	<p>отырып, кейіпкерлер жүйесін анықтаңыз.</p> <p>1-топ – Кенесары мен Наурызбай бейнесін танытатын үзінділерден дәлелдер келтіру арқылы кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.</p> <p>2-топ – Рүстем мен Сыпатай бейнесін танытатын үзінділерден дәлелдер келтіру арқылы кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.</p> <p>3-топ – Ағыбай мен Бұқарбай бейнесін танытатын үзінділерден дәлелдер келтіру арқылы кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.</p>	<p>Слайд, парақшалар</p>																
<p>Жауап беру 2*3мин. /6мин.</p>	<table border="1" data-bbox="315 979 687 1203"> <thead> <tr> <th>Кімдер?</th> <th>Қандай?</th> <th>Қашан?</th> <th>Н е істей?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Кенесары мен Наурызбай</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Рүстем мен Сыпатай</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ағыбай мен Бұқарбай</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Кімдер?	Қандай?	Қашан?	Н е істей?	Кенесары мен Наурызбай				Рүстем мен Сыпатай				Ағыбай мен Бұқарбай				
Кімдер?	Қандай?	Қашан?	Н е істей?															
Кенесары мен Наурызбай																		
Рүстем мен Сыпатай																		
Ағыбай мен Бұқарбай																		

	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> <th>Тапсырма орындау</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="3">Жырдан дәлел келтіреті отырып, кейіпкерлер жүйесін анықтайды.</td> <td>1. Кейіпкер бейнесін сипаттайды.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>2. Кейіпкер ролін анықтайды.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>3. Кейіпкерлерге жан-жақты талдау жасайды.</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау	Жырдан дәлел келтіреті отырып, кейіпкерлер жүйесін анықтайды.	1. Кейіпкер бейнесін сипаттайды.		2. Кейіпкер ролін анықтайды.		3. Кейіпкерлерге жан-жақты талдау жасайды.		
Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау										
Жырдан дәлел келтіреті отырып, кейіпкерлер жүйесін анықтайды.	1. Кейіпкер бейнесін сипаттайды.											
	2. Кейіпкер ролін анықтайды.											
	3. Кейіпкерлерге жан-жақты талдау жасайды.											
<p>Рефлексия: – Жұмыс барысында қиналған тұсыңыз бар ма? Неліктен?</p> <p>Бағалау. Топтар бір-бірін дескриптор негізінде бағалайды.</p> <p>2-тапсырма. «Ақыл-ой картасы» әдісі. Жеке жұмыс – «Наурызбай – көзсіз батыр». Осы ойды жырмен байланыстыра отырып, бес дәлел жаз.</p> <div data-bbox="1309 919 1662 1257" style="text-align: center;"> </div>												

Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау
Ойды жырмен байланыстыра отырып, бес дәлел жазады.	1.Шығармадан дәлел келтіреді.	2б
	2.Өз ойын толық әрі нақты жеткізеді.	1б

Рефлексия: Мұғалім «Ең, ең, ең» тәсілі арқылы кері байланыс береді және бағалайды.

- *Ең ұтымды ой...*
- *Ең нақты дәлел...*
- *Ең көркем жұмыс...*

3-тапсырма.«Кейіпкерге хат» әдісі (40-50 сөз).

Жеке жұмыс.

1-қадам: *Кейіпкерлерді таңдап алу. Кейіпкерлер: Кенесары, Наурызбай, т.б.*

2-қадам: *Оқушылар кейіпкерлерге хат жазу барысында бірнеше мінезіне қатысты «жуан», жоғары дәрежелі сұрақтарды қоюы керек.*

3-қадам:*Егер..., не болар еді? Неге...? Неліктен...?*

4-қадам: *Осы сұрақтарға өзі мүмкіндігінше балама жауап ұсынуы қажет. Мүмкін..., ... болған шығар?*

5-қадам: *Хат соңында кейіпкерге қатысты өз бағаңызды беріп жазыңыз.*

Бағалау критерийі	Дескриптор	Тапсырма орындау	
3 мин.	Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жаза алады.	1.Оқушылар кейіпкерге хат жазу барысында бірнеше мінезіне қатысты «жуан», жоғары дәрежелі сұрақтар қоя алады	1б
		2. Осы сұрақтарға өзі мүмкіндігінше балама жауап ұсына алады	1б
		3.Хат соңында кейіпкерге өзіндік бағасын береді.	1б

Бағалау.

Жұпта көз жүгірте оқу арқылы бір-бірінің жұмысын бағалайды.

1 сәтті тұсы –

1 толықтыратын тұсы –

Мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі.

Соңы 5 мин.

Сабақ мақсатына қайта оралу:

«Кенесары - Наурызбай» поэмасындағы кейіпкерлер бейнесін ашу.

Рефлексия: Оқушы өзінің жасаған жұмысы бойынша рефлексия жасайды.

Менің түйгенім...

Қиындық туғызған тұсы...

Туындаған сұрақ...

Үй тапсырмасы:

Махамбет Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы, «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны» поэмасындағы автор бейнесінің рөліне талдау жасау.




АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ
“МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ
ЕРМЕК ҮШІН”
ӨЛЕҢІ

<p>С а р а л а у . Оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау. Оқушылардың материалды меңгерудегейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия. <i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?</i> <i>Оқушылардың барлығы оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?</i> <i>Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме?</i> <i>Сабақта уақыттық кезеңдер сақталды ма?</i> <i>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</i></p>		
<p>Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты): 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1:</p>		

<p>О с ы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру 6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.</p>
<p>С а б а қ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені табады, шығарма композициясына негіздеме жасай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселенің идеясын сипаттай отырып, шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодқа өз көзқарасын білдіреді.</p>

	<p>Кейбір оқушылар орындай алады: Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселенің идеясын сипаттай отырып, шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодқа өз көзқарасын білдіре отырып, қазіргі өмірмен байланыстырып эссе жазады.</p>
Бағалау критерийі	<p>1. әдеби шығарманың идеясын табады.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • шығарма идеясын табады; • шығарма композициясындағы эпизодтың маңызын түсіндіреді. <p>2. эпизодтың маңызын байланыстырып эссе жазады</p> <ul style="list-style-type: none"> • эпизодқа өз көзқарасын білдіреді; <p>қазіргі өмірмен байланыстырып эссе жазады.</p>
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар орындай алады:</p> <p>«Сәлемдеме жіберіңіз», «Инсерт», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Попс формуласы», «Авторға хат», «Рефлексивтік экран» әдістері.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>эпитет, эпитора, метафора.</i></p> <p>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>көкірегі сезімді, тілі орамды, талапты, көңілінің көзі ашық, сәнқой, даңғой, керім-кербез.</i></p>

	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <p>– Ақын өлеңі кімге арналған?</p> <p>– Не себепті өлең «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп аталды?</p>	
Құндылықтарға баулу	<p>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығы Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіндегі идея арқылы жүзеге асырылады.</p>	
Пәнаралық байланыс	<p>Қазақ тілі, өзін-өзі тану</p>	
Алдыңғы оқу 3 мин.	<p>С.</p> <p>«Сәлемдеме жіберіңіз» әдісі арқылы Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтар қойылады:</p> <p>1. Ақынның қандай өлеңдерін білесің?</p> <p>2. Ақын өлеңдерінде жастарға қандай өсиет айтылған?</p>	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин.	<p>Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты, бағалау критерийлері таныстырылады.</p> <p>Топқа бөлу.</p>	
Сабақтың ортасы 30 мин.	<p>1-тапсырма. (3 мин.) Ж. «Инсерт» әдісі арқылы барлық оқушылар</p>	Инсерт кестесі

<p>шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені табады, шығармаға композициясына негіздеме жасайды.</p> <p>Бағалау дескрипторлары:</p> <ul style="list-style-type: none"> шығарма идеясын табады; <p>ҚБ. Екі жұлдыз, бір ұсыныс 2 мадақ, 1 сын.</p> <p>2-тапсырма (5 мин.)</p> <p>«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі арқылы топтарға аяқталмаған сөйлемдерді аяқтау ұсынылады.</p> <p>1-топ – Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...</p> <p>2-топ – Өлеңдегі сәнқой, даңғой ...</p> <p>3-топ – Көкірегі сезімді, тілі орамды жастар...</p> <p>Бағалау дескрипторлары:</p> <ul style="list-style-type: none"> шығарма композициясындағы эпизодтың маңызын түсіндіреді. <p>ҚБ «+,-, қызықты» әдісі</p> <p>3-тапсырма (7мин.) ЖЖ</p> <p>«Попс формуласы» әдісі арқылы өлең жолдарындағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселенің идеясын</p>	 <p>А 3 Флипчарт, маркерлер</p>  <p>«+ -» әдісі «+» - жұмыстың күшті жағы «-» - қиын жағы</p> <p>- қызықты жағы</p> 
--	---

	<p>пайдаланып, өз көзқарасын білдіріп жазады.</p> <p>Бағалау дескрипторлары:</p> <p>эпизодқа өз көзқарасын білдіреді;</p> <p>ҚБ. «Бағдаршам»</p> <p>Ж4-тапсырма (15 мин.)</p> <p>«Авторға хат» әдісі арқылы кейбір оқушылар қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, өз көзқарасын білдіріп, авторға хат жазады.</p> <p>Бағалау дескрипторлары:</p> <p>қазіргі өмірмен байланыстырып эссе жазады.</p> <p>ҚБ.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин.</p>	<p>Рефлексия</p> <p>«Рефлексивтік экран»</p> <p>1. Бүгінгі сабақтан ұққаным ...</p> <p>2. Мен үшін жаңалық болғаны ...</p> <p>3. Мен үшін түсінуге қиын болғаны..</p> <p>4. Сәтті шыққаны ...</p> <p>5. Жетілдіруді қажет ететіні ...</p>	


А. Н. ГИЗАТОВА,
А.Тайманов атындағы
№34 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
БҚО,
Орал қаласы


ӘКЕ ҮКІМІ НЕГЕ ҚАТАЛ? (2-сағаты)

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.1.4.1. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерін жатқа айту
Сабақтың мақсаттары	– Поэмадағы Махамбет және әке мен бала бейнелерін талдау: – Әке мен бала диалогын жатқа айту.
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Шығармадағы кейіпкерлерді анықтайды; • Кейіпкерлер бейнесін талдайды; • Әке мен бала диалогын жаттайды.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар не істейді? Кейіпкерлер бейнесін ашу үшін поэмадан үзінділерді табады, диалогты жатқа оқиды,
	Пән лексикасы және терминология: Әдеби шығарма, кейіпкер бейнелерін талдау, үзінділерді қолдану.

	Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: Батырлығы жоқ адамнан, Үлкен ақын шыққан емес ешқашан. <i>Шомбал жігіт, сұр ішік, сыйлық, зор қасірет, пенделік, дәстүрді қорлау.</i>
	Талқылауға арналған сұрақ: <i>Әке үкімі тым қатал емес пе?</i>
Құндылықтарға баулу	Жауапты азаматтық ұстаным: <i>патриотизм, азаматтық жауапкершілік, құрмет.</i>
Алдыңғы білім	Поэма мазмұнын біледі. Кейіпкерлерді ажырата алады.
Жоспар	

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дерек-көздер
2-сағаты Сабақтың басы	1.Сәлемдесу. 2.Топқа бөлу. («Балмұздақ» әдісі) 3.Талқылау сұрақтары қойылады. – <i>Махамбеттің түсінені меңзеді?</i> – <i>Кейіпкерлердің өміріне қатысты деректерді ата?</i> – <i>Әке үкімі қаншалықты орынды?</i> – <i>Автор шығарма арқылы не айтқысы</i>	Балмұздақ таяқшалары

<p>Сабақ-тың ортасы</p>	<p><i>келді?</i></p> <p>Оқу мақсаты таныстырылады.</p> <p>1-тапсырма</p> <p>Берілген сөздерді қолдана отырып, қай кейіпкерге қатысты екенін анықтаңдар.</p> <p>Тақырыпқа келу.</p> <p>«Тақырыптық түйінді сөздер» әдісі арқылы</p> <p>- <i>«Сөздер банкінде» келтірілген сөздердің қайсысы «Біздің тақырыптарға» жатады?</i></p> <p>-<i>Берілген сөздерді қолдана отырып, қай кейіпкерге қатысты екенін анықтайды.</i></p> <p>Сөздер банкі</p> <p>Біздің тақырыптар</p>  <p>2-тапсырма «Маңыздылық аймағы» әдісі бойынша оқушылар берілген мәліметтерді аймақтарға орналастырады.</p>	<p>Слайд</p> <p>Кесте парақшалары</p> <p>Кері байланыс: Топтың бір тақырыбының жауаптарын оқып, постерге жапсырады. ҚБ: Бағдаршам</p>
--------------------------------	---	--

	 <p>Ішкі шеңбер – ең маңызды;</p> <p>Ортаңғы шеңбер – маңыздырақ;</p> <p>Сыртқы шеңбер – маңызды емес.</p> <p>Саралау (қабілеті жоғары оқушыларға берілген сөз тіркестерін аймақтарға орналастыру ұсынылады)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ақынға жасалған қастандық; 2. Ойланбай жасалған бала әрекеті; 3. Әкенің ұлын жазалауы. <p>ҚБ. Топтар жұмысы дескриптор бойынша бағаланып, ең үздігі галерияға ілінеді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> – маңыздылық аймақтарын белгілейді. – поэмадағы кейіпкер бейнесін ашады. <p>3 тапсырма</p> <p>Оқушылар «Шынжыр әдісі» арқылы тізбектей жалғастырып өлеңді жатқа оқиды.</p>					
	<table border="1"> <tr> <td>Бағалау критерийі</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды.</td> <td>Өлеңді мәнерлеп оқиды. Үздіксіз жалғастырып мәнерлі айтады.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды.	Өлеңді мәнерлеп оқиды. Үздіксіз жалғастырып мәнерлі айтады.	
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды.	Өлеңді мәнерлеп оқиды. Үздіксіз жалғастырып мәнерлі айтады.					

	<p>ҚБ. «Бас бармақ» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды. Сынып оқушылары бейнежазба арқылы «Әке үкімін» тыңдайды. Алғашқы тыңдаған бөліммен байланысын анықтайды.</p> <p>ЖЖ. Тапсырма: Бөлімдер бойынша берілген жолдарды, екі үзіндідегі оқиганы, бейнелерді салыстырып, Т кестесін толтырыңыз.</p> <p>1. Махамбеттің сөзі: Мен түсімде зорлық көрдім, қорлық көрдім ғаламат, Бір таныс қол соғып өтті әлдекімді паналап, Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ. Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап, Бара жатты атамекен Ақжайықты жағалап, Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап. Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан заманда Тіршілікпен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да.</p> <p>2. Баласы айтты: - Топ бастадық төрт адам. Махамбеттің жақыны</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=AvMyiuSvpKw</p>
--	---	--

	<p><i>Ықыласты үгітпен, Мақтап, қағып арқаға Қосып алдық ортаға. Бұл – түгелдей мына ұлыңның ақылы. Еркін жетер әңгіме ол бір таңға. Қапысызда қармақ салып, Махамбетті алдап соғып, Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.</i></p> <p>“Т” КЕСТЕСІ</p> <p style="text-align: center;">T</p> <table border="1" data-bbox="1299 867 1746 1170"> <tr> <td data-bbox="1299 867 1517 934">Бағалау критерийі</td> <td data-bbox="1517 867 1746 934">Дескриптор</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1299 934 1517 1049">Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстырады.</td> <td data-bbox="1517 934 1746 1049">Шығармадағы эпизодтарды ажыратады;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1299 1049 1517 1170"></td> <td data-bbox="1517 1049 1746 1170">Эпизодтар мен бейнелерді салыстырады.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстырады.	Шығармадағы эпизодтарды ажыратады;		Эпизодтар мен бейнелерді салыстырады.
Бағалау критерийі	Дескриптор						
Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстырады.	Шығармадағы эпизодтарды ажыратады;						
	Эпизодтар мен бейнелерді салыстырады.						
<p>Сабақтың соңы Рефлексия 5 минут</p>	<p>Рефлексия 1. Сабақта не қызық болды? 2. Не қиындық келтірді? 3. Не оңай болды?</p>						

Ш. Б. ДУИСАЛИНА,
Абай атындағы
жалпы орта білім
беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Темір ауданы,
Құмқұдық ауылы

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ “ҰЛПАН” РОМАНЫ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
С а б а қ т ы ң мақсаттары	• Барлық оқушылар орындай алады: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады;
	• Оқушылардың көпшілігі орындай алады: басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылардағы кейіпкерлерді өзара салыстырып, тарихи құндылығына баға береді;
	• Кейбір оқушылар орындай алады: басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылардағы кейіпкерлерді өзара салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.

О й л а у дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей (талдау, жинақтау, бағалау)
Б а ғ а л а у критерийлері	Басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылардағы кейіпкерлерді өзара салыстыра алады; Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалай алады.
Т і л д і к мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Елтірі бөрік, биік өкшелі шоңқайма етік, «қосай калом»</i>
	Талқылауға арналған сұрақтар: <i>Шығармадан Ұлпанға тән қасиеттерді ата?</i> <i>Ұлпан сияқты ел анасы атанған кімдерді білесің?</i> <i>Есенейдің Ұлпанға деген көзқарасын қалай бағалар едің?</i>
Сабақта жүзеге асырылатын құндылықтар	<i>Ортақ тарих, мәдениет және тіл.</i>
П ә н а р а л ы қ байланыс	Тарих, музыка.
Осыған дейін меңгерілген білім	Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасына ұқсас басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындыларды тауып келу. Ш.Айтматов «Найман ана»

<p>– Кейіпкерлерді өзара салыстырады.</p> <p>ҚБ. Бағалы тастармен бағалау. Жинақтау.</p> <p>3 тапсырма шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңіз.</p> <p>«Айнымалы бекет» әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Ұлпан сияқты Еланасы атанған кімдерді білесің?</i> 2. <i>Автор ана бейнесі арқылы нені бағалауды үйретті?</i> 3. <i>Шығарманың тарихилығы неде деп ойлайсың?</i> 4. <i>Салыстырған шығармалардың көркемдік құндылығын көрсетіңіз?</i> <p>Дескриптор:</p> <p>– Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға береді</p> <p>ҚБ. Бағалы тастармен бағаланады.</p>	<p>D1%80%D1%8B%D0%BC%D0%BC%D0%B5%D0%BD%20%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%20%D0%B1%D0%B8</p> <p>9 класс</p> <p>Қазақ әдебиеті оқулық 192 бет Алматы Мектеп 2019 Авторы. Керімбекова Б. Мұқанова Ж.</p>
--	--

<p>Сабақтың соңы 3мин.</p>	<p>Кері байланыс «ҚКК» әдісі арқылы сабақтан алған әсерлерін айтады.</p> <table border="1" data-bbox="245 964 656 1044"> <thead> <tr> <th>Қызық</th> <th>Қиындық</th> <th>Құндылық</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Үйге тапсырма: «Ұлпан бейнесі бізге үлгі бола ала ма?» ойтолғау жазу. Бағалау: «Бағалы тастар» саны мен жиынтығы.</p>	Қызық	Қиындық	Құндылық				<p>https://yandex.kz/video/search?filmId=1516709600455556826&text=%D0%A1%D1%8B%D1%80%D1%8B%D0%BC%D0%BC%D0%B5%D0%BD%20%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%20%D0%B1%D0%B8</p> <p>9 класс</p> <p>Қазақ әдебиеті оқулық 199 бет Алматы Мектеп 2019 Авторы. Керімбекова Б. Мұқанова Ж.</p>
Қызық	Қиындық	Құндылық						

Білім сынағында

**Г.КҮЛЕКЕНОВА,
А.КӨЗДІБАЕВА,**
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімдері,
«№6 ЖОББМ» КММ.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

“БЕС БЕЛЕС” ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ САЙЫС

Мақсаты:

Оқушылардың алаштың бес арысы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Айтауытов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін тереңдете отырып, ұлт үшін күрескен арыстарымыздың өнегелі ғұмырын, игі істерін үлгі ету.

Барысы:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы аясында өткізіліп отырған, алашымыздың бес арысына арналған «Бес белес» әдеби-танымдық сайысына қош келдіңіздер!

“Бес арыс” деген атпен ел есінде қалған ақын-жазушыларымыздың қазақ әдебиетінде алар орны зор. Бірі тұңғыш қазақ әліпбиін жасаса, енді бірі тұңғыш қазақ романын жазып шықты. Одан да басқа артына мол мұра қалдырып кеткен арыстарымыздың елеулі еңбектері ұлан-ғайыр.

Сайысқа қатысушы оқушылар сұрақтар қою арқылы анықталады. Дұрыс жауап берген оқушылар ортаға шығып, қатысушы атанады.

Сайыс аты айтып тұрғандай бес белестен, яғни кезеңнен тұрады. Өр кезең сайын ұпайы аз 1 қатысушы ойыннан шығып отырады. Соңғы белеске жеткен оқушылар жүлделі

орындармен марапатталады.

Бүгінгі ойынға қазылық ететін қазылар алқасы:

- 1.
- 2.
- 3.

Іріктеу сұрақтары:

1. Қазақтың бас ақыны (**Абай Құнанбайұлы**)
2. «Үш бәйтерек» деп кімдерді айтамыз? (**Сәкен, Илияс, Бейімбет**)
3. «Менің атым – Қожа» шығармасының авторы? (**Б.Соқпақбаев**)
4. Абайдың табиғат лирикаларына арналған өлеңдерін ата («**Жаз**», «**Жазғытұры**», «**Күз**», «**Қыс**»)
5. «Мен қазақпын» поэмасының авторы? (**Жұбан Молдағалиев**)
6. Биылғы жылы 80 жылдық мерейтойы аталып жатқан қазақтың ақын қызы? (**Фарица Оңғарсынова**)
7. «Аққудың айырылуы», «Көкшетау» поэмаларының авторы? (**Сәкен Сейфуллин**)
8. «Қара бұлт», «Маса», «Егіннің бастары» мысал өлеңдерінің авторы? (**Ахмет Байтұрсынов**)
9. Жастарға сенім артқан ақын (**Мағжан Жұмабаев**)
10. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандарының авторы? (**Ш.Құдайбердіұлы**)

I БЕЛЕС. “КІМ КӨП БІЛЕДІ?”

Тақтадан бес арыстың өмірі мен шығармашылығына байланысты 10 сұрақ ұсынылады. Әр сұрақтың дұрыс жауабын қағазға белгілеп, қазылар алқасына ұсынады. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады. Ұпайы аз оқушы ойыннан шығады.

1. **Ахмет Байтұрсынұлының өмір сүрген жылдары**
А). 1893-1938;
В). 1872-1937;
С). 1858-1931;

Д). 1889-1931.

2. **Абай өлеңдерін оқып, “Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға” деген өлеңді кім жазды?**

- А). Мағжан Жұмабаев;
- В). Ахмет Байтұрсынов;
- С). Шәкәрім Құдайбердіұлы;
- Д). Міржақып Дулатов.

3. **Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы, Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген ақын.**

- А). Жүсіпбек Аймауытов;
- В). Мағжан Жұмабаев;
- С). Шәкәрім Құдайбердіұлы;
- Д). Ахмет Байтұрсынов.

4. **«Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.), т.б. ірі ғылыми еңбектердің авторы.**

- А). Ахмет Байтұрсынов;
- В). Жүсіпбек Аймауытов;
- С). Міржақып Дулатов;
- Д). Мағжан Жұмабаев.

5. **Алғашқы кітабы — “Оян, қазақ!” деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы кімдікі?**

- А). Шәкәрім Құдайбердіұлы;
- В). Мағжан Жұмабаев;
- С). Міржақып Дулатов;
- Д). Ахмет Байтұрсынов.

6. **Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” атты романы қай жылы жарық көрді?**

- А). 1910;
- В). 1915;

- С). 1905;
Д). 1911.

7. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармасын белгіле.

- А). «Бақытсыз Жамал» романы;
В). «Қалқаман-Мамыр» дастаны;
С). «Мен жастарға сенемін» өлеңі;
Д). «Ақбілек» романы.

8. Шәкәрім Құдайбердіұлы қай рудан шыққан?

- А). Найман;
В). Сүйіндік;
С). Тобықты;
Д). Уақ.

9. Мағжан Жұмабаев қайда білім алды?

- А). Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде;
В). Ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен;
С). Орынбордағы 4 жылдық мектепте;
Д). Уфадағы «Ғалия» медресесі.

10. Байтұрсынұлының екінші кітабы

- А). «Қырық мысал»;
В). «Маса»;
С). «Шолпан»;
Д). «Оян, қазақ!».

Жауаптары: 1.В; 2.А; 3.С; 4.В; 5.С; 6.А; 7.Д; 8.С; 9.Д;

10.В.

II БЕЛЕС. МЕН ОҚЫҒАН ШЫҒАРМА...

Бес арыстың шығармаларынан үзінділер беріледі. Қатысушы шығарманың авторын, атауын табады. Аз ұпай жинаған оқушы ойыннан шығады.

- 1. Аралап әр егінді қарап жүрді,**

Кез еді пісіп болған егін түрлі.

*Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.*

(«Егіннің бастары» А.Байтұрсынұлы).

**2. Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген,
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін!**

(«Сүйемін» Мағжан Жұмабаев).

**3. Сөйткен Жамалдың мойнына қыл тұзақтай болып,
әкесі Сәрсенбаймен Байжан арасындағы құдалық келісімі
оралсын. Бұрынғы жақсы күндер көрген түстей ғайып
болды. Қайғылы, азалы, мұңлы шақ. Сорлы анасы Шолпаннан
өзге қол ұшын берер ешкім жоқ. Билік арманы ес ақылын
билеп алған әкесі Сәрсенбайды тоқтатар күш жоқ сияқты.
Сөйтіп, жұттып, запыран құсып, дерттеніп:**

Мен қайран атам малға сатқанына,

Бір тазды жалпақ елден тапқанына.

Аты өшіп, тумай кеткір Жұман деген

Мал беріп мені өзімсіп жатқанына, –

*деп, көздің жасын көлдетіп жүргенінде, бір тойда жас,
оқыған, сыпайы, сұлу жігіт Ғалимен танысады.*

(«Бақытсыз Жамал» романы Міржақып Дулатов).

**4. Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақжолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.**

Талаптан да, білім мен өнер үйрен,

Білімсіз,

Өнерсіз,

Болады ақыл тұл.

(«Адамдық борышың» Шәкәрім Құдайбердіұлы).

5. «Өмір тепкісіне қарсы тұрар күш жоқ, көп иттің мазағына айналмай, қарамұрт қармауында қалғанының өзінен жынданып кете жаздап, қорлық күйігінен өліп қалардай күйге жеткен Ақбілектің енді кіре бастаған ес-санасы бірте-бірте маңайында не болып, не қойып жатқанын аңғарып, әр нәрсені сезіп, ой түйе бастайды...»

(«Ақбілек» романы Жүсіпбек Аймауытов).

6. Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым гой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым...

(«Сағындым» Мағжан Жұмабаев).

7. Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шапшым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың...

(«Адамдық диқаншысы» Ахмет Байтұрсынов).

III БЕЛЕС. ТҰЛҒАНЫ ТАНЫ.

Ақын-жазушылардың өмірінен деректер беріледі. Сол деректің кімнің өміріне қатысты екенін табады. Соңында ұпайы аз оқушы ойыннан шығады.

1. Ұлы ағартушы, көрнекті ғалым, ақын, публицист. Ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ тілінің теориясын жасап жетілдірген жаңа оқу жүйесінің негізін қалаған ірі реформатор. “Қазақ” газетін шығарған. Алғашқы өлеңдер жинағы “Маса” 1911 жылы, Орынборда жарық көрді. Бұл қай тұлға?

(Ахмет Байтұрсынұлы).

2. Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. 1912 жылы

“Шолпан” атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. “Қорқыт” поэмасы бар. “Шолпанның күнәсі” әңгімесі арқылы психологиялық талдау, сана ағымы әдістерін енгізді. Бұл қай тұлға?

(Мағжан Жұмабаев).

3. Ақын, философ, аудармашы. Туған жері – Семейдегі Шыңғыстау өңірі. Шығыс пен Батыс әдебиетін, философиясын жақсы білген. Лев Толстоймен хат жазысып тұрған. Өлеңдерінің танымдық, тағылымдық сипаты зор. Терең ойшылдық түйіндер жасайтын тұстарында дала заманының биік өресі мен өзгеше сипаттары айқын көрінеді. Бұл қай тұлға?

(Шәкәрім Құдайбердіұлы).

4. Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауылшаруашылық мектебінде, Керекудегі екі кластық орыс-қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Біржағынан бала оқытып, қаражат табады. 1911-1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына қабылданады. Оны 1918 жылы аяқтап шығады. Мұнан соң алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады. Бұл қай тұлға?

(Жүсіпбек Аймауытов).

5. Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Алғашқыда ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. Алғашқы кітабы — “Оян, қазақ!” деген атпен Петербург қаласында жарық көрген өлең жинағы. Одан

кейін 1913 жылы Орынборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлең кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы — ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы "Оян, қазақ!" жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітап тұтқындалып, авторы қуғынға ұшырайды. Бұл қай тұлға?

(Міржақып Дулатов).

6. 1988 жылы ақын ақталып, оның өлмес, өшпес мұрасы халқына қайта оралды. Осы жылы ақынның "Жазушы" және "Жалын" баспасынан өлеңдер, ал "Өнер" баспасынан әндер жинақтары жарық көрді. Тап осы жылы қажының 130 жылдығы Абай ауданы, 1998 жылы 140 жылдығы Семей қаласы көлемінде тойланды. Осы жылдар аралығында Семейдегі бір жоғары оқу орнына қажы есімі беріліп, ескерткіші орнатылды, қала орталығындағы үлкен бір даңғыл ақын есімімен аталды. Мұның сыртында қаладағы байырғы бір қазақ мектебі ақын есімін иеленді. Бұл қай тұлға?

(Шәкәрім Құдайбердіұлы).

IV БЕЛЕС. ЖАЛҒАСЫН ТАП.

Ақындардың өлеңдерінен үзінділер ұсынылады. Қатысушы сол өлеңді жалғастырып айтады. Ұпайы аз оқушы ойыннан шығады.

1. Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жасарға сенемін!...

*(Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жасарға сенемін!)*

2. Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін...
(Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,

Жұлқиды суга қарай Шортан шіркін.)

3. Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақжолдан айнымай
Ар сақта, оны біл...
*(Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.)*

4. Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты...
*(Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты.)*

5. Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
*(Толқынмен толқын жарысад.
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен,
Жарысып жарға барысад.)*

V БЕЛЕС. ШЕШЕНДІК ӨНЕР.

"Алаштың бес арысы" тақырыбына шағын шығармашылық жұмыс жазады.

Берілетін уақыт –5 минут.

«Бес белес» атты әдеби-танымдық сайысы өз мәресіне жетті.
Сөз кезегі қазылар алқасына беріледі.
Марапаттау рәсімі.

Қорытынды сөз

– Әрдайым туған тіліміздің, туған әдебиетіміздің, тарихымыздың жанашыры, Қазақстанның жаңа замандағы тарихын жасаушысы – өздеріңіздер. Еліміздің тұтқасы, жарқын болашағы – сіздердің қолдарыңызда! Еліміздің, Отанымыздың мерейін асыратын патриот азаматы болыңыздар!

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.02. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2020 ж., 144 бет, Алматы.